

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне өтізілген ішкі талдау бойынша талдамалық анықтама

Алматы қаласы

2025 жылғы 25 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша талдау. Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 30 қаңтардағы № 774 Жарлығымен "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны" кәсіпорнына Ұлттық музей атағы берілді. 2025 жылғы желтоқсан айынан бастап "Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік музейі" РМҚК-ның атауы «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК атауына өзгіріп кетті.

I. Кіріспе

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау объектісі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі » РМҚК (бұдан әрі – кәсіпорын, музей) болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау үшін кәсіпорында келесі құрамдағы жұмыс тобы құрылды:	
Жұмыс тобының жетекшісі:	
Балаева А.Б.	Директордың музей менеджменті және маркетинг жөніндегі орынбасары.
Жұмыс тобының мүшелері:	
Досжан Т.	Экспозиция сақтауды қамтамасыз ету бөлімнің жетекшісі.
Алтыбаев А.Б.	Ғимаратты пайдалану және қызмет көрсету бөлімінің біліктілігі жоғары төтенше жағдайлары бойынша маманы.
Рыскулов Қ.О.	Заңгер.
Жұмыс тобының хатшысы:	
Ерталеева А.М.	Ғимаратты пайдалану және қызмет көрсету бөлімінің қауіпсіздік техникасы сақтау жөніндегі және еңбекті қорғау бойынша маманы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мерзімі:

2025 жылғы 25 қарашадан – 31 желтоқсанға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңі:

2025 ж. (толық кезең).

Кәсіпорын басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету:

“Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Кәсіпорынның қызметі Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңына сәйкес рұқсат беру функцияларын жүзеге асырумен байланысты емес.

Бақылау функцияларын іске асыру

“Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау-қадағалау функцияларымен өкілетті емес.

Сонымен қатар, шарттық жұмыстар аясында контрагенттермен өзара іс-қимыл барысында Кәсіпорында «Кәсіпорындағы талап-арыз жұмысын жүргізу қағидалары» қолданылады. Аталған құжатта контрагенттердің өз міндеттемелерін орындау барысын бақылау және шарттардың орындалуын мониторингілеу тәртібі көзделген. Сондай-ақ құрылымдық бөлімшелердің қаржылық-шаруашылық қызметті жүргізуі барысында бақылау жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Ішкі талдау объектісі қызметінің мақсаты:

Кәсіпорын қызметінің негізгі пәні музей саласының толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған міндеттердің кең спектрін қамтиды, соның ішінде:

1. Музей процесін қамтамасыз ету: музей құндылықтарын жинау, анықтау, мемлекеттік есепке алу, зерделеу, консервациялау, қалпына келтіру және сақтау жөніндегі қызметті материалдық-техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, қаржылық және ғылыми-әдіснамалық сүйемелдеу.

2. Тарихи-мәдени мұраны дәріптеу: Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи құндылықтары туралы білімді қалың жұртшылық арасында дамыту және тарату.

3. Ғылыми және әдіснамалық қызмет: музей іс саласында ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізу; музей практикасын жетілдіруге бағытталған әдістемелерді әзірлеу және енгізу.

4. Мәдени-ағарту жұмысы: музей қоры мен ғылыми жетістіктер негізінде ағарту бағдарламаларын іске асыру; музейдің ғылыми және мәдени қызметінің нәтижелерін насихаттау және тарату.

5. Экспедициялық және далалық зерттеулер: археологиялық, антропологиялық, этнографиялық және археографиялық экспедицияларды ұйымдастыру және жүргізу; далалық зерттеулер мен материалдар жинау мақсатында ғылыми қызметкерлердің іссапарлары.

6. Көрме қызметі: Қазақстан Республикасының аумағында көрмелер мен музей экспозицияларын ұйымдастыру және өткізу; шетелде музей қоры негізінде халықаралық көрмелер өткізу; музей базасында шетелдік көрме жобаларын қабылдау және ұйымдастыру.

Музей қоры ұлттық мәдени мұраның ажырамас бөлігі болып табылады. Оны сақтау және қорғау музейдің маңызды әлеуметтік-мәдени институт ретіндегі басты міндеттерінің бірі болып табылады. Музей қорын ғылыми және мәдени айналымға тартудың негізгі көрсеткіштері жинақтау, есепке алу, ғылыми түгендеу және Музей заттарын тиісінше сақтау процестері болып табылады. Қор қызметі бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды: жинақтау, есепке алу және сақтау шарттарын қамтамасыз ету.

Музей қорын қалыптастыру коллекциялардың үдемелі дамуын қамтамасыз ететін мақсатты және жүйелі тәсіл негізінде жүзеге асырылады.

Қорды толықтырудың негізгі көздері:

- мәдени құндылықтарды алу;
- жеке және заңды тұлғалардан заттарды өтеусіз негізде беру;

- археологиялық, этнографиялық және өзге де ғылыми - зерттеу экспедициялары барысында алынған материалдар;
- музей қызметкерлерінің ғылыми іссапарлары нәтижесінде жиналған заттар.

II. Ішкі талдауды жүргізу негізі:

Талдау 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

1. Сипаттама бөлігі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында жұмыс тобы келесі құжаттарды басшылыққа алды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
2. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы;
3. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары;
4. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар;
5. басқа да нормативтік құқықтық актілер.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу келесі кезеңдерден тұрды:

1. талдау нысанына қатысты ақпаратты жинау және қорытындылау;
2. талдау нысанының қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды, сондай-ақ оның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар-жоғына талдау жүргізу;
3. аналитикалық анықтаманы әзірлеу және қол қою.

3. Кәсіпорынның қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды талдау нәтижесі мынадай қорытынды көрсетті:

1) Кәсіпорында қызметін реттейтін барлығы 21 ішкі нормативтік құжат бекітілген, оның ішінде:

Негізгі – 10 құжат:

1 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-ның Жарғысы;

2 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-ның Даму стратегиясы;

3 - Ұжымдық шарт;

4 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-ның Корпоративтік этика кодексі;

5 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК ғимаратында өткізу және ішкі объектілік режим қағидалары;

6 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-да құжаттаманы жүргізу және құжат айналымын басқару қағидалары;

7 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-да жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссиясы туралы Ереже;

8 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК қызметкерлеріне сыйақы, үстемақы, қосымша ақы беру және материалдық көмек көрсету туралы Ереже;

9 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-ның тәртіптік комиссиясы туралы Ереже;

10 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК үшін оның өрт қауіптілігіне сәйкес әзірленген өртке қарсы режим нұсқаулығы.

2) Қаржыны басқару бойынша құжаттар – 2 құжат:

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-ның Есеп саясаты;

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-ның тауар-материалдық қорлар мен негізгі құралдарды есептен шығару туралы Ереже.

3) Өндірістік үдерістерді, персоналды және әлеуметтік қамтамасыз етуді басқару бойынша құжаттар – 9 құжат:

1 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-ның Ішкі еңбек тәртібі қағидалары;

2 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-ның Ұйымдық құрылымы;

3 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-ның бекітілген штат кестесі;

4 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы қағида;

5 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары.

6 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-да уақытша көрмелерді ұйымдастыру барысында құрылымдық бөлімшелердің өзара әрекеттесу қағидалары;

7 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-ның Қор жинақтау (қор іріктеу) комиссиясы туралы Ереже;

8 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-ның наразылық-бұзушылық және талап-арыз жұмыстары қағидалары;

9 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК-ның сараптау-тексеру комиссиясының хаттамасымен келісілген 2025 жылға арналған істер номенклатурасы.

III. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет

Кәсіпорынның келесі бағыттарын қамтиды:

1. Персоналды басқару.

2025 жылы Кәсіпорынға қызметкерлерді штатқа қабылдау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің нормаларына сәйкес, бос лауазымдардың болуына және белгіленген рәсімдердің сақталуына орай жүзеге асырылды.

Еңбекке орналасуда ашықтықты және тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында бос жұмыс орындары туралы хабарландырулар (лауазым атауы, еңбек жағдайлары, біліктілік талаптары және лауазымдық міндеттері көрсетіле отырып) электрондық еңбек биржасының порталына (enbek.kz), сондай-ақ Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсына орналастырылды.

Аталған шаралар жұмыс іздеушілер үшін ақпараттың қолжетімділігін және конкурс рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етті. Бос жұмыс орындары туралы ақпараттың орналастырылмауы, толық емес орналастырылуы немесе оған қол жеткізудің шектелуі **фактілері анықталған жоқ**.

Жұмысшылардың жеке істерін талдау барысында барлық қызметкерлердің тиісті бейіні бойынша жоғары, техникалық және кәсіптік білімі бар екендігін растайтын құжаттарының негізінде жұмысқа қабылданғаны анықталды. Есепті кезеңде біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа орналастыру **фактілері анықталған жоқ**.

Қызметкерлер арасында соттылығы өтелмеген немесе алынбаған, оның ішінде қылмыстық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін сотталған тұлғалар туралы **мәліметтер жоқ**.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың сақталуын тексеру нәтижесінде 2025 жылы **келесі жағдайлар анықталған жоқ**:

- жақын туыстарды, жұбайларын немесе құдаларды бір-біріне тікелей бағынысты лауазымдарға жұмысқа орналастыру;

- лауазымды тұлғалар тарапынан белгіленген талаптарды бұза отырып, мүлікті сенімгерлік басқаруға беру;

- кадрлық үдерістерге әсер ететін мүдделер қақтығысының өзге де нысандары.

Қызметкерлерді басқа лауазымдарға ауыстыру және қызмет бабында жоғарылату мәселелері тек қызметкерлердің белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі расталған жағдайда ғана қаралды.

Барлық шешімдер Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 38, 41–44-баптарының талаптарына қатаң сәйкестікте қабылданды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша негізсіз ауыстыру немесе лауазымдық жоғарылату **фактілері тіркелген жоқ**.

№	Бұйрықтардың атауы	Бұйрық саны	Қызметкерлер саны
1.	Жұмысқа қабылдау туралы	55	55
2.	Жұмысқа шығуы туралы	42	42
3.	Ауыстыру туралы	12	12
4.	Тәртіптік жаза қолдану туралы	-	-
5.	Тәртіптік жазаны шешу туралы	-	-
6.	Еңбек шарттарын бұзу туралы	-	-
7.	Еңбек шарттарын тоқтату туралы	-	-

Құқықтық қамтамасыз ету қызметі кадр бөлімі күн сайын еңбек тәртібін, қызметкерлердің ішкі ережелерін сақтауын қадағалап және де ұжымдағы қызметкерлерге кадрлық сұрақтар бойынша кеңестер береді. Қызметкерлердің жеке істеріне бұйрықтар тіркеліп, бухгалтерлік есеп бөліміне уақытында бұйрықтар беріледі.

2025 жылы қызметкерлер «Ерен еңбегі үшін» және «Мәдениет саласының үздігі» мемлекеттік наградаларымен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 139 - бабының 7-тармағына және «Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының азаматтық қызметшілерін аттестаттаудан өткізудің қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы №189 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музей қызметкерлерінің кәсіби даярлығы мен біліктілік деңгейін, іскерлік қабілетін анықтау мақсатында лауазымы бойынша азаматтық қызметте үздіксіз болған әрбір үш жыл өткен сайын кезекті аттестаттаудан өткізіледі.

Қызметкерлердің еңбек ақысы ай сайын кешіктірілмей лауазымдық жалақыға және сәйкестендірген санаттары үшін белгіленген разряд бойынша төленеді. Туындаған сұрақтар бухгалтерлік есеп бөлімімен бірге түсіндіріледі. ҚР Еңбек кодексіндегі соңғы өзгерістер мен толықтырулармен танысып, кадр бөлімінің қызметкерлері кәсіби біліктілікті арттыру үшін курстарға қатысты. Қызметкерлерге талап етілген орынға жұмыс орны бойынша анықтамалар уақытында беріледі. Мемлекеттік, басқа да мекемелер мен ұйымдардан келіп түскен хаттарға дер кезінде жауап берілді, жауап берілмеген хаттар жоқ. Құжаттар уақытылы және сапалы орындалады. 2020 - 2024 жылдары барлық бұйрықтар ведомстволық архивке толықтай 2024 жылы желтоқсан айында тапсырылды.

2. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейі» РМҚК қызметкерлерінің 2025 жылға оқыту туралы ақпараты

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен еңбек рәсімдерін бұзу фактілері анықталған жоқ.

Кәсіпорынның кадрлық қызметі заңнама талаптарына сәйкес, ашықтық, әділеттілік және біліктілік талаптарына сай болу қағидаттары негізінде жүзеге асырылды.

3. Кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысы мен ынталандыру шаралары бойынша ақпараттың жабықтығы.

2025 жылы Кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен бекітілген азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, сондай-ақ қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне арналған еңбекақы төлеу жүйесіне (бұдан әрі – Еңбекақы төлеу жүйесі) сәйкес айқындалды.

Бос лауазымдар бойынша жалақы мөлшеріне қатысты ақпарат электрондық еңбек биржасының порталында (enbek.kz) және Кәсіпорынның ресми сайтында жарияланып отырды, бұл еңбек жағдайлары туралы мәліметтердің ашықтығы мен жұмыс іздеушілер үшін қолжетімділігін қамтамасыз етті.

Қызметкерлерді ынталандыру механизмі – сыйақы, қосымша ақы және үстемақы түрінде – Еңбекақы төлеу жүйесіне және Кәсіпорын қызметкерлеріне сыйақы, қосымша ақы, үстемақы беру және материалдық көмек көрсету туралы Ережеге (**бұдан әрі – Ереже**) сәйкес жүзеге асырылды. Аталған Ережеге сәйкес:

- сыйақы төлеу ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелерге орай (соның ішінде Халықаралық музейлер күні, Мәдениет және өнер қызметкерлері күні) жүзеге асырылды;

- сыйақы төлеуге негіздер мен сыйақыдан бас тартуға себеп болатын тәртіп бұзушылықтардың тізбесі нақты түрде реттеліп, Ережеде бекітілген;

- қосымша ақы мен үстемақы тағайындау туралы шешімдерді Кәсіпорын басшысының бұйрығымен бекітілетін құрамда жұмыс істейтін қосымша ақы және үстемақы белгілеу жөніндегі комиссия қабылдады. Барлық шешімдер тиісті хаттамалармен рәсімделді.

2025 жылы қосымша ақы мен үстемақыларды белгілеу мәселелері бойынша комиссия **31** отырыс өткізді, әрқайсысы хаттамамен рәсімделді.

Қызметкерлерді ынталандыру тек қана негізгі қызметтің орындалуына әсер етпейтін бос бюджеттік қаражаттың шеңберінде және белгіленген регламентке қатаң сәйкес жүзеге асырылды.

2025 жылғы талдау нәтижелері бойынша, қызметкерлерді негізсіз немесе субъективті түрде, яғни еңбек нәтижелеріне қарамастан лауазымды тұлғалардың шешімімен сыйақы тағайындау **фактілері анықталған жоқ**.

Осылайша, есепті кезеңде еңбек ақысын төлеу, сыйақы беру және үстемақылар тағайындау тәртібі қолданыстағы заңнама мен Кәсіпорынның ішкі нормативтік актілеріне **толық сәйкес жүзеге асырылды**.

4. 2025 жылғы тәртіптік практика мен кадрлық ағымдылықты талдау.

2025 жылы Кәсіпорынның ішкі «Дисциплинарлық комиссия туралы» Ережесіне сәйкес құрылған тәртіптік комиссия өз қызметін жалғастырды. Комиссия қызметін коллегиялық түрде атқарады және оның шешімдері ұсыныс сипатында болады. Тәртіптік жазаны қолдану туралы соңғы шешімді Кәсіпорын директоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға қабылдайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасын және Кәсіпорынның ішкі ережелерін бұзған қызметкерлерге қатысты тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау немесе тәртіптік шараларды қолданбау фактілері анықталған жоқ.

Талдау жүргізілген сәтте Кәсіпорынның штаттық саны – 242 бірлік, оның ішінде:

- нақты жұмыс істеп тұрған қызметкерлер – 240 штаттық бірлік;
- бос лауазымдар – 2 бірлік.

2025 жылғы 01 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кадрлық қозғалыс талдауының қорытындысы бойынша

№	Бұйрықтардың атауы	Бұйрық саны	Қызметкерлер саны
1.	Жұмысқа қабылдау туралы	55	55
2.	Жұмысқа шығуы туралы	42	42
3.	Ауыстыру туралы	12	12
4.	Тәртіптік жаза қолдану туралы	-	-
5.	Тәртіптік жазаны шешу туралы	-	-

6.	Еңбек шарттарын бұзу туралы	-	-
7.	Еңбек шарттарын тоқтату туралы	-	-

Осылайша, 2025 жылдың қорытындысы бойынша кадрлардың ағымдылық деңгейі 5 %-ды құрады, бұл көрсеткіш алдыңғы жыл деңгейінде шамамен сақталуда.

Кадрлардың ағымдылығына әсер ететін негізгі факторлар әлі де мыналар болып табылады:

- жалақы деңгейінің ұқсас салалармен салыстырғанда төмен болуы;
- еңбек қатынастарының уақытша сипаты (уақытша ауыстыру кезеңіне келісімшарттар жасалуы);
- қызметкерлердің өз еркімен басқа жұмыс орындарына немесе басқа ұйымдарға ауысуы.

Кәсіпорын кадрлардың ағымдылығын азайту және ұзақ мерзімді жұмыспен қамтуды нығайтуға бағытталған шараларды жалғастыруда, оның ішінде еңбек жағдайларын оңтайландыру, ішкі мотивация деңгейін арттыру және қызметтік өсудің ашықтығын қамтамасыз ету арқылы.

5. Мүдделер қақтығысын реттеу

Мүдделер қақтығысын алдын алу және реттеу мақсатында Кәсіпорында кәсіби этика кодексі әзірленіп, қабылданған және сондай-ақ қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, функционалдық өзара әрекеттестігі мен тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар қолданыста. Осындай құжаттарға мыналар жатады:

- 1) Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары;
- 2) Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер;
- 3) Сондай-ақ қызметкерлердің құқықтары, міндеттері мен бағыныстылығы тәртібін айқындайтын өзге де ішкі регламенттер.

Аталған құжаттар қызметкерлердің атқаратын лауазымына қарамастан, барлығына міндетті болып табылады және адал әрі этикалық мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, сондай-ақ мүдделер қақтығысының туындауына ықпал ететін жағдайларды жоюға бағытталған.

Осы жүйеде ерекше назар кәсіби этика кодексіне аударылады, оның нормалары:

- 1 – мүдделер қақтығысының формаларын (жеке, отбасылық, мүліктік және шешімдердің әділдігіне әсер ететін өзге байланыстарды);
- 2 – ерікті декларациялау механизмдерін;
- 3 – анықталған мүдделер қақтығыстарын мониторингтеу және реттеу тәртіптерін анықтайды.

Корпоративтік этика кодексінің мүдделер қақтығысын реттеуге арналған нормаларды тиімді орындау үшін Кәсіпорында жыл сайын этика және мүдделер қақтығысы мәселелері бойынша жауапты өкілетті қызметкер - Обмусмен тағайындалуы тиіс нормасы жоқ.

Кәсіпорында этика және мүдделер қақтығысы мәселелері бойынша жауапты өкілетті қызметкер – Обмусменнің міндеттеріне мыналар болу мүмкін:

- 1 – қызметкерлердің этика және мүдделер қақтығысы мәселелері бойынша өтініштерін қабылдау;
- 2 – тәуелсіз мониторинг жүргізу және кеңес беру;
- 3 – даулар мен этикалық дилеммаларды қарастыруға қатысу.

Кәсіпорында этика және мүдделер қақтығысы мәселелері бойынша жауапты өкілетті қызметкерді жалпы қызметкерлер жиналысының шешімімен жылына бір рет тағайындау көзделеді болса, бұл ашықтық пен коллегиялық принциптеріне сай келе болады.

Бұл факт ұйымдастырушылық тәуекелдің бар екендігін көрсетеді, яғни этикалық қақтығыстарды реттеуде жүйелі тәсілдің жоқтығы байқалады.

Сонымен қатар, өкілетті тұлғаның тағайындалмауы еңбек ұжымы ішіндегі сенімділіктің төмендеуіне әкелуі мүмкін, сондай-ақ мемлекеттік және қадағалаушы органдар тарапынан жүргізілетін сыртқы тексерістер кезінде беделдік және заңнамалық тәуекелдерді тудыруы ықтимал.

2025 жылы Кәсіпорынның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесінде қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындау барысында мүдделер қақтығысының **фактілері анықталған жоқ.**

6. Талдау барысында сонымен қатар мыналар анықталмады:

1. ішкі нормативтік құжаттар (ережелер, нұсқаулықтар, лауазымдық нұсқаулықтар) мен Кәсіпорынның жоспарлы көрсеткіштері арасында қайшылықтардың болуы;

2. реттеуші және бақылау бөлімшелерінің арасында функциялардың қайталануы немесе қақтығысының болуы;

3. коллегиялық басқару органдарының қызметін реттейтін құжаттарда мүдделер қақтығысын реттеуге бағытталған регламенттер немесе процедуралардың жоқтығы.

Жалпы алғанда, талдау қорытындысы бойынша Кәсіпорынның ішкі нормативтік базасы мүдделер қақтығысы жағдайларын алдын алуға жеткілікті жағдайлар қамтамасыз етеді деп **айтуға болады.**

Сонымен қатар, этика мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы реттеу жүйесін әрі қарай жетілдіру мақсатында Кәсіпорынның Корпоративті этика кодексіне сәйкес, комиссия жалпы ұжым жиналысын ұйымдастыруды ұсынды.

Іскерлік этика және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау бойынша тағайындалған жауапты қызметкер мүдделер қақтығысын тұрақты түрде мониторингтеу, анықтау және реттеу функцияларын атқаратын **/Омбудсмен/ қызметін атқаруы мүмкін.**

Бұл қызметке еңбек және басқару процестерінде ашықтық, объективтілік және адалдық қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету де кіреді.

7. Қорытындылар мен ұсыныстар

Кәсіпорынның қызметінде анықталған олқылықты жою және этикалық реттеудің тиімділігін арттыру мақсатында төмендегілерді жүзеге асыру тиімді болады:

1. Мүмкіндігінше тез арада еңбек ұжымының жиналысын өткізу және оның күн тәртібіне Омбудсменді тағайындау мәселесін енгізу;

2. Тағайындалған Омбудсмен туралы ақпаратты Кәсіпорынның ресми ресурстарында және ақпараттық тақталарда орналастыруды қамтамасыз ету;

3. Қызметкерлерге Омбудсменнің функциялары мен рөлі туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

4. Омбудсменнің қызметін қолдауда бөлім басшыларының жауапкершілігін бекіту мақсатында ішкі нормативтік актілерге тиісті өзгерістер енгізу;

5. Антикоррупциялық тәуекелдерді талдау аясында Омбудсменнің өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша жылдық есеп беруін қамтамасыз ету.

Аталған шараларды іске асыру этикалық мәдениетті нығайтып, жасырын мүдделердің пайда болу мүмкіндігін азайтып, Кәсіпорын қызметкерлерін басқарудың ашық әрі есепті жүйесін қалыптастыруға жағдай жасайды.

IV. Көрмелер ұйымдастыратын бөлімдер

Көрмелер ұйымдастыратын бөлімдер Музейдің маркетинг стратегиясын қалыптастыру және іске асыру, оның имиджін және жобаларын насихаттау, промоакциялар ұйымдастыру және серіктестермен өзара әрекеттесу жұмыстарымен айналысады. Оның міндеттеріне сувенирлік өнімдерді дамыту, тұтынушылар сұранысын зерттеу, негізгі оқиғаларға ақпараттық қолдау көрсету, сондай-ақ аудиторияны кеңейту және қосымша ресурстар тарту үшін жаңа ынтымақтастық формаларын іздеу кіреді.

Сол бөлімдер ақпарат сұрауға, жобалар бойынша бірлескен жұмыс жүргізу үшін басқа бөлім қызметкерлерін тартуға, кеңестер мен жұмыс топтарына қатысуға және Музейдің маркетингтік қызметін дамытуға ұсыныстар енгізуге құқылы. Көрмелер ұйымдастыратын бөлімдер мемлекеттік органдармен, серіктестермен және БАҚ-пен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдайды және сыртқы әрі ішкі құрылымдармен тиімді коммуникацияны қамтамасыз етеді, құзыреті шегінде шешімдер қабылдайды және сыртқы әрі ішкі құрылымдармен тиімді коммуникацияны қамтамасыз етеді.

Келесі бөлімдер көрмелер ұйымдастырады:

- Археология бөлімі
- Қазақстан тарихын зерттеу бөлімі
- Антропология және этнология бөлімі
- Музей деректану және қолжазбалар бөлімі
- Қор сақтау бөлімі
- Сыртқы байланыстармен жұмыс жөніндегі ұйымдастыру бөлімі
- Мәдени-ағарту жұмысы бөлімі
- Музей педагогикасы бөлімі.

Сол бөлімдер келесі көрмелер ұйымдастырады:

Археология бөлімінің 2025 жылда өткізілген көрмелері

№	Көрме/іс-шара атауы	Уақыты	Табыс / Қаржы бөліну	Келушілер саны
1	«Қазақстан археологиясы: жаңа ашылымдар»	25.01.	Музейдің қор экспанаттарының болуы есебінен бюджет қаражатын тартпай	257
2	«Алтын Орда (Жошы Ұлысы) кезеңінің тарихи-мәдени мұрасы»	20.02.		593
3	«Археологиялық зерттеулерде жаратылыстану ғылымдарының әдістерін қолдану»	17.09.		1052
4	«Дала өрнектерімен өрілген метал бұйымдар»	11.12.		231

Қазақстан тарихын зерттеу бөлімінің 2025 жылда өткізілген көрмелері

№	Көрме/іс-шара атауы	Уақыты	Табыс / Қаржы бөліну	Келушілер саны
1	Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ер есімі – ел есінде» жалпы Республикалық музейлік акциясы аясында: «Жеңіс тарихы: әр сурет – бір тағдыр» атты көрме.	25.02.	Музейдің қор экспанаттарының	572
2	«Аңызға айналған ұшқыштар» атты көшпелі фотокөрме. (Азаматтық авиация академиясы, № 114 мектеп).	12.03.		395
3	«Наурызнама» онкүндігіне сәйкес,	20.03.		250

	Ұлттық спорт күні «Қазақ халқының дәстүрлі спорттық ойындары» мәдени-танымдық шарасы аясында «Бабадан қалған мұра: ұлттық ойындар» атты көрме.		болуы есебінен бюджет қаражатын тартпай	
4	Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды «Жұмысшы кәсіптер жылы» деп жариялауына орай «Кәсіптің күші – халықтың игілігі» атты көрме.	23.04.		965
5	Ұлы Жеңістің 80 жылдығына байланысты Орталық музей қорындағы материалдар негізінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Тарих және құқық факультетінде «Жеңіс тарихы: әр сурет – бір тағдыр» атты көшпелі көрме.	25.04.		1100
6	9 мамыр қарсаңында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ерлік дастаны: ұрпаққа ұран, тарихқа тағзым» атты көрме.	08.05.		1000
7	Сүлеймен Демирел атындағы мектеп-интернат-колледжде «Қару-жарак: Батырдың серігі» атты көшпелі көрме.	22.05.	Музейдің қор экспанаттарының болуы есебінен бюджет қаражатын тартпай	1320
8	Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл толуына орай ҚР Мемлекеттік орталық музейі ҚР Ұлттық кітапханасымен бірлесіп «Ата Заң – Тәуелсіздік тірегі» атты көрме.	25.08.		567
9	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейі қорындағы бірегей фото құжаттар негізінде, Қырғыз Республикасының Ұлттық тарихи музейінде «Ғасырлар ізімен: Қазақстан тарихының бейнесі» атты халықаралық фотоқұжаттық жылжымалы көрме. (Кыргызстан. Бишкек).	30.10.- 12.11.		1200

Антропология және этнология бөлімінің 2025 жылда өткізілген көрмелері

№	Көрме/іс-шара атауы	Уақыты	Табыс / Қаржы бөліну	Келушілер саны
1	«Алтын адамның мұрасы»	05.03.		658
2	«Шоқаны бар ел – шоқтығы биік» атты көрмесі. Көрмесі аясында өткізілген «Шоқанның ғылыми өнегесі» атты дөңгелек үстелде ұлы ғалымның мұрасының мәні мен маңызы, оның игерілуі туралы тарихшы, этнограф, өнертанушы, философ, географ, филолог, музейтанушы және т.б. мамандар баяндама жасап, өз ойларымен бөлісті.	30.04.	Музейдің қор экспанаттарының болуы есебінен бюджет қаражатын тартпай	720
3	«Бұл не?» шағын этнографиялық көрмесімен «Музей қызметкері – музей затын атрибуциялайтын маман» шартты рөлдік ойыны көрме аясында өткізілді.	18.05.		74
4	Филология ғылымдарының докторы, профессор Нүргелді Уәлидің 80 жылдық мерейтойына арналған Халаралық конференция аясында «Қамшы қазылық» атты көрмесі өткізілді.	21.11.		145

Музейлік деректану және қолжазба бөлімінің 2025 жылда өткізілген көрмелері

№	Көрме/іс-шара атауы	Уақыты	Табыс / Қаржы бөліну	Келушілер саны
1	«Хат жазып тұр...» көрмесі.	17.05.- 20.07.	Музейдің қор экспанаттарының болуы есебінен	2000
2	«Хакім Абай мұрасы» (ҚР ҰОМ қоры негізінде)» көрмесі.	23.10.- 31.01.	бюджет қаражатын тартпай	1500 +

Қор сақтау бөлімі бөлімінің 2025 жылда өткізілген көрмелері

№	Көрме/іс-шара атауы	Уақыты	Табыс / Қаржы бөліну	Келушілер саны
1	Н.Г. Хлудовтың 175 жылдығына орай «Дала бояулары» атты көрмесі.	22.01.– 05.02.	Музейдің қор экспанаттарының болуы есебінен бюджет қаражатын тартпай	95
2	«Музей түні» іс-шарасы аясында қазақты көрнекті суретші М.С. Кенбаев және мүсінші Х.Е. Наурызбайевтың 100 жылдығы, В.И. Антонценко – Оленевтің 125 жылдығы, Н.В. Чивчинскийдің 120 жылдығы, Е.М. Сидоркинның 95 жылдығы, танымалы мүсінші Е.А. Сергебаевтің 85 жылдығына арналған мерейтойлық «Шабыт жанғырығы» көрмесі.	17.05.– 04.09.		112
3	Ұлттық домбыра күні «Күмбірле, қоныр домбыра» атты көрмесі мен мерекелік іс-шарасы.	04.07.		150
4	С. Мұқанов, М. Қаратаев, І. Есенберлин, Ж. Молдағалиев, А. Мекебаев, М. Мағауаннің «Халық жүрегіндегі қаламгерлер» көрмесі.	20.11.– 03.12.		105

Сыртқы байланыстармен жұмыс жөніндегі ұйымдастыру бөлімінің 2025 жылда өткізілген көрмелері

№	Көрме/іс-шара атауы	Уақыты	Табыс / Қаржы бөліну	Келушілер саны
1	Суретші Лия Санатаның «Гүлдер құшағында»	15.01.–05.01.	300000	5917
2	«Көктем рапсодиясы»	26.02.–12.03.	300000	6498
3	«Қызғалдақтар уақыты» көрме-жәрменкесі	28.02.-02.03.	450000	2932
4	«Жанұя жылуы – бала көзімен»	06.03-19.03	250000	6041
5	«Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «АБАЙ ЖОЛЫМЕН»	05.03-20.03	250000	8840
6	«Наурыз нақыштары» бейнелеу өнері көрмесі	13.03-28.03	400000	11712
7	«Шығыстан батсқа дейін» коллекциялық қуыршақтар көрмесі	19.03-02.04	300000	10731
8	Суретші Индира Бадамбаеваның жетекшілігімен «Қарағым-ай» өнер туындыларының көрмесі	05.04-14.04	400000	5172
9	«Cartier» бренді жоғары зергерлік өнерінің ЖШС «Viled Fashion» көрме-презентациясы	06.04-12.04	5600000	4141
	Билеттерді сату		800800	
10	«Акварельды фреш-III»	16.04-30.04	400000	9920
11	«Family Day» мәдени-білім іс-шарасы	19.04.	300000	1085
12	Жазира Жанабаеваның «Антилабиринт»	17.04-01.05	300000	9614

13	«Алма паитрасы» қауымдастығының кәсіби суретшілердің «Судағы шеңберлер» өнер туындыларының көрмесі	01.05-12.05	320000	7972
14	Суретші Юлия Проскурина «Көшпелі рухы»	16.05.-31.05	400000	28370
15	«Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті әлеміне қызықты саяхат»	03.06.	800000	100
16	ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігінің хаты бойынша Анатолий Букреев «Өрлеу» фотокөрмесі	04.06-19.06	Б/п	10100
17	«Чюрленис әлеміне саяхат: өнер мен әуен үйлесімі» Литвалық суретшінің халықаралық көрмесі	16.06.-26.06	600000	3500
18	«Алматы – менің сүйікті қалам!» атты байқауы және түлектердің дипломдық жобаларының көрмесі	28.06.-12.07	400000	2000
19	ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігінің хаты бойынша суретші М. Кенбаевтың «Жарқын бояулар Шебері» атты мерейтойлық көрмесі	25.07.-10.08	Б/п	1664
20	Суретші Әйгерім Бектаеваның «Менің жолым» атты тақырыптық көрмесі	28.07.-07.08.	300000	4875
21	«Таңғажайып Қытай» - Шынжан өнері мен сұлулығы» халықаралық фотокөрмесі	27.08.-07.09.	600000	10000
22	Аман Бақтығалиұлының 80 жылдық мерейтойына арналған мемориалдың тақырыптық көрмесі	22.08.-05.09.	300000	8500
23	Алматы қаласы әкімдіктен хаты бойынша суретші А. Сорбонның «Мәңгілік ғаламның бір сәтті» тақырыптық көрмесі	03.09.-24.09.	Б/п	8500
24	«ABTU ANET»-тің «Менің үйім» атты тақырыптық көрмесі	19.09.-03.10.	300000	7000
25	«Ultima» және «Yandex Go» - мен бірлесіп өткізілетін сәндік киім көрсетіліміне арналған көрме-презентациясы	17.09.-19.09.	2400000	200
26	Орталық депозитарийлердің дүниежүзілік форумына арналған көрме-презентациясы	23.09.-24.09.	1600000	168
27	Қожан Нұрбазар Төлеуұлының шығармашылығына арналған «Ұлы Даланың Шежіресі» атты еске алу көрмесі	03.10.-17.10.	300000	2500
28	«Күзгі симфония» балалар мен тәлімгерлер» балалар шығармашылығы көрмесі	16.10.-30.10.	300000	1500
29	Зергерлік шеберлік саласындағы жыл сайынғы «Kazakh Yuvelir 2025» сыйлығына арналған көрме	01.11.-14.11.	2000000	3000
30	«Шығыс базары» тоғызыншы пэчворк-фестиваль көрмесі	19.11.-26.11.	200000	3500
31	Суретші Қали Қораласбаевтың «Киелі Мекен»	28.11.-11.12.	400000	4700
32	«KAU School «Көк аспан астында» оқушыларды мен мұғалімдерінің көрмесі	05.12.-19.12.	250000	1920
33	«Ұақыт жаңғырығы»	15.12.-29.12.	400000	1099
34	Суретші Татьяна Шапиро «Клеточное мышление»	19.12.-30.12.	350000	2614
Барлығы		34 көрмелер	21470000	196385

Мәдени-ағарту жұмысы бөлімінің 2025 жылда өткізілген көрмелері

№	Көрме/іс-шара атауы	Уақыты	Табыс / Қаржы бөліну	Келушілер саны
1	Республика күні мерекесіне арналған «Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем» мәдени-	20.10.	Музейдің қор экспанаттарының	2850

	танымдық іс-шарасы мен қазақтың көрнекті композиторы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына орай жеке көрмесі.		болуы есебінен бюджет қаражатын тартпай	
2	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Десанттық-шабуылдау әскерлері қолбасшылығының басқармасымен және Жауынгерлік даңқ музейімен бірлесіп 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасы «Тәуелсіздік – ел ұраны» атты көрме.	11.12.		350

Музей педагогикасы бөлімінің 2025 жылда өткізілген мәдени-танымдық сабақтар бар көрмелерімен іс-шаралар, сондай-ақ басқа да акциялары

№	Көрме/іс-шара атауы	Уақыты	Табыс / Қаржы бөліну	Келушілер саны
1	«Қазақтың ұлы ғалымдары мен ағартушылары» жылжымалы көрме-дәріс	08.01.	Музейдің қор экспанаттарының болуы есебінен бюджет қаражатын тартпай	218
2	«Қазақ хандарының билеушілері»	09.01.		110
3	«Атадан жеткен асыл сөз»	10.01.		225
4	«Қазақ салт-дәстүрлері бабалар даналығы», «Қазақ дастарханы»	11.01.		150
5	«Кел, балалар оқылық»	15.01.		120
6	«Қолжетімді музей: ҚРММ инклюзивті бағдарламалары» жобасы және «Жас шебер» музейлік қолөнер үйірмесі, «MUSEUM FOR KIDS» музейлік лагері жұмыс істейд.	01.06. - 27.06.		4050
7	«Қазақтың ұлттық бас киімдері»	16.01.		110
8	«Әбілқайыр кеңесшісі – Мөңке бидің 350 жылдығына»	17.01.		116
9	«Қазақстанның табиғаты»	22.01.		119
10	«Қазақтың зергерлік бұйымдары»	06.02.	Музейдің қор экспанаттарының болуы есебінен бюджет қаражатын тартпай	200
11	«Қазақстан петроглифтері»	08.02.		230
12	«Ерлікке тағзым»	12.02.		115
13	«Төле, Әйтеке, Қазыбек би»	19.02.		202
14	«Арманымның ақ кемесі»	20.02.		133
15	Алғыс айту күні	28.02.		160
16	«Анама құттықтау хат»	07.03.		90
17	«Қыз Жібек»	13.03.		111
18	«Дәстүрлі қазақ қолөнері»	17.03.		206
19	15 наурыз – Қайырымдылық күні	15.03.		260
20	«Сырғалақ - ежелгі тоқыма өнерін жаңғырту»	09.04.	Музейдің қор экспанаттарының болуы есебінен бюджет қаражатын тартпай	123
21	«Еңлік-Кебек»	14.04.		112
22	«Біз байтақ елдің азаматтарымыз»	16.04.		117
23	«Кітап әлемінде»	23.04.		103
24	«Аққан жұлдыз»	25.04.		90
25	«Қазақ халқының дәстүрлері»	28.04.		230
26	«Қазақстандықтардың өшпес ерлігі»	05.05.		201
27	Қазақстандағы Аналар күні	08.05.- 10.05.		240
28	«Саусақ ұшындағы өнер» тактильді картиналар көрмесі	16.05.		70
29	«Ай мен жұлдыз» қазақ халқының ертегісі	22.05.		99
30	«Құстар – біздің досымыз»	24.05.	Музейдің қор экспанаттарының болуы есебінен бюджет	81
31	«Менің өмірімдегі спорт»	26.05.		77
32	«Ата заңым айбыным»	28.05.		82
33	«Музей ісіндегі ақпараттық технологиялар»	28.05.		110

34	«Шәкірт пен ұстаз: Ә.Қастеев пен Н.Хлудов шығармашылығындағы сабақтастық»	29.05.	қаражатын тартпай	1050
35	Халықаралық балаларды қорғау күніне «Біз бақытты баламыз» мерекелік іс-шара	01.06.		1301
36	«Қазақ фольклоры: қазақ ертегілері»	02.06.		79
37	«Ұлттық рәміздер - мақтанышымыз»	04.06.		98
38	«Тірі планета: біз жерді шығармашылықпен қорғаймыз және зерттейміз!»	07.06.	Музейдің қор экспанаттарының болуы есебінен бюджет қаражатын тартпай	85
39	«Қызыл кітапқа енген жануарлар»	11.06.		94
40	Әкелер күні мерекесіне орай "Асқар тау - әке" мәдени іс-шара	15.06.		73
41	Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абайдың өшпейтін нұры» мәдени-танымдық іс-шара	13.08.		204
42	«Абай мұрасына саяхат» атты мәдени-танымдық іс-шара	14.08.		223
43	Қазақстан Конституциясы күніне арналған танымдық музейлік сабақ	29.08.		82
44	«Мен және менің тазым» фотоконкурс «Аңшының серіктері» музейлік сабағы	01.03.–01.09.	Музейдің қор экспанаттарының болуы есебінен бюджет қаражатын тартпай	1300
45	«Ахмет Байтұрсынұлы және Қазақстан халықтарының тілдік қазынасы» тақырыбында танымдық музейлік іс-шара	05.09.		83
46	Отбасы күніне арналған қайырымдылық шара «ОТБАСЫ – БАҚЫТ ҰЯСЫ»	14.09.		64
47	«Асыл мұра» жобасы аясында Халықаралық ымдау тілдері күніне орай «Басқа, бірақ қызықты әлем» атты дөңгелек үстел	23.09.		196
48	«Алматы – бақша қаласы»	25.09.		205
49	Халықаралық студенттер күніне «ВРЕМЯ ПАТРИОТОВ» филімі	01.10.	Музейдің қор экспанаттарының болуы есебінен бюджет қаражатын тартпай	180
50	«Әжемнің сандығының құпиялары»	18.10.-22.10.		106
51	«Менің Отаным-Қазақстан» музейлік сабағы	25.10.		96
52	«Ұлы жібек жолы бойындағы қалалар» атты музейлік сабақ	25.10.		103
53	Коворкинг-орталығында «КМФ-Демеу» Корпоративтік қорының қолдауымен Ұлттық валюта күніне орай мектеп оқушыларына арналған қаржылық сауаттылық бойынша тренинг	14.11.		205
54	«Түркілердің дәстүрлі қару-жарақ жүйесі: даму тарихы, құрылымы, этномәдени қызметі» халықаралық дөңгелек үстелі	26.11.	Музейдің қор экспанаттарының болуы есебінен бюджет қаражатын тартпай	82
55	«Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрі: Қазақ Ұлттық музыкалық аспаптары»	03.12.		86
56	Халықаралық мүмкіндігі шектеулі жандар күніне орай «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық мәдени іс-шара	03.12.		74
57	«ҰРПАҚТАР ДИАЛОГЫ» интернет жобасы	16.12.		130

Қорытынды:

2025 жылдық есебінде «Музейдегі сабақ» жобасы аясында **46 музейлік сабағының** ішінде **17 ақылы** музейлік сабақ және **2 жылжымалы** музейлік сабақ, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған **7 музейлік сабақ, 1 дөңгелек**

үстел және 14 «Жас шебер» қолөнер үйрмесінің сабағы, 28 шеберлік сабақ (4 ақылы), 22 мәдени-танымдық іс-шаралар өтті. «КМФ-Демеу» Корпоративтік қоры, қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша оқушыларға 3 тренинг- сабақ өткізілді.

1) 2025 жылғы музейге келушілердің талдауы

Жалпы келушілердің талдауы (тұрақты залдар бойынша)

1. Ең көп келетін айлар:

Шілде — 52000 кем емес (абсолюттік максимум)

Маусым — 63000 кем емес

Тамыз — 41000 кем емес

Бұл дәстүрлі жоғары жазғы маусым (мектеп каникулдары, туристер).

2. Ең аз белсенді айлар:

Желтоқсан — 10500 кем емес

Қаңтар — 8300 кем емес

Ақпан — 7200 кем емес

Бұл айлар — дәстүрлі төмен маусым (қысқы ауа райы, мерекелер).

2) Тұрақты залдар бойынша талдау:

Зал атауы	Барлық келушілер саны
Палеонтология және Археология залы	360 000
Тәуелсіздік залы	
Тарих залы	
Этнография залы	
Алтын залы	22 000
Антропология залы	21 000

Қорытынды:

1. Ең танымал зал — Палеонтология.

2. Ең аз келушілер саны Тәуелсіздік залында байқалады.

3. Барлық залдарда келушілердің ең жоғары көрсеткіші жаз мезгілінде байқалады, ал ең төменгі белсенділік — қыс айларында тіркеледі.

3) Мерзімі қысқа уақытша көрмелер бойынша талдау:

Зал атауы	Барлық келушілер саны
Палеонтология және Археология залы	50 000
Тәуелсіздік залы	
Тарих залы	
Этнография залы	
Алтын залы	12 000
Антропология залы	9 000

Қорытынды:

1. Ең танымал зал — Палеонтология.

2. Ең аз келушілер саны Астана залында байқалады.

3. Барлық залдарда келушілердің ең жоғары көрсеткіші жаз мезгілінде байқалады, ал ең төменгі белсенділік — қыс айларында тіркеледі.

Қорытынды:

Басқа залдардағы уақытша «күлдіраулар» ірі көрмелерге дайындық кезеңімен тікелей байланысты. Залдарды дайындау және экспозицияларды орнату мамырмаусым айларында, ал демонтаждау жұмыстары қыркүйекте өткізіледі. Бұл кезеңдерде залдар қолжетімсіз болып, келушілер саны уақытша азаяды.

Бұл көрме қызметіндегі табиғи үдеріс болғанымен, оны өтемдік іс-шаралармен (мысалы: онлайн-турлар, ашық дәрістер, экспозицияны орнату барысына экскурсиялар) теңгеру қажет.

Дайындық жұмыстарының уақытша кезеңдері басқа залдардағы келушілер трафигіне де әсер етеді. Бұл жанама әсерлерді көрме-көрсетілім күнтізбесін жоспарлау кезінде міндетті түрде ескеру керек.

Мысалы, бір зал жабық болғанда, басқа залдарға қосымша бағдарлама немесе жеңілдік ұсынылуы мүмкін.

4) Қорытынды және ұсынымдар:

Жақсы нәтиже беретін бағыттар:

1. Палеонтология, Археология және Алтын залы — тұрақты түрде келушілер саны бойынша көш бастап тұр. Бұл залдарда тақырыптық турлар мен арнайы көрмелер ұйымдастыруға мол мүмкіндік бар.

2. Қазақстанның тәуелсіздік залы — бұқаралық іс-шаралар өткізуге арналған ең тиімді алаң. Жоғары өтімділік арқылы музейге жаңа аудиторияны тарту құралы ретінде қолдануға болады.

3. Жаз — белсенді маусым: мамырдан тамызға дейін оқиғалық іс-шаралар санын арттыру қажет.

6) Ескерте кеткен жөн:

1. Маусым–тамыз айларындағы жалпы шарықтау кезеңі халықаралық көрмелердің өтуімен сәйкес келді. Бұл көрме жаңа және тұрақты келушілерді тартуда шешуші рөл атқарды және жазғы маусымдағы трафиктің негізгі қозғаушысы болды.

2. Уақытша жарқын жобалардың әсері бүкіл музейдің келушілеріне ықпал етеді. Мұндай оқиғалар тек трафикті арттырып қана қоймай, аз барылатын залдарға келушілерді бағыттауға көмектеседі.

3. Қысқы маусымдағы осалдықты жою үшін осындай форматтағы жобаларды дәл осы кезеңге жоспарлау қажет. Бұл «төмен маусымда» аудитория қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

7) Назар аударуды қажет ететін мәселелер:

1. «MUSEUM FOR KIDS» залы — әлеуеті жоғары, бірақ қазіргі таңда толық пайдаланылмай отырған кеңістік.

2. Қыс мезгіліндегі келушілердің төмендеуі (желтоқсан–ақпан) — арнайы іс-шараларды іске қосуға қолайлы уақыт: тақырыптық экскурсиялар, зал ішіндегі дәрістер және т.б.

Ұсынымдар:

1. Уақытша көрмелерді қаңтар–ақпан айларында күшейту қажет, өйткені бұл кезеңде тұрақты экспозициялар келушілер легін жоғалтады.

2. Аз танымал залдарды арнайы жобалар мен креативті серіктестіктер арқылы насихаттау ұсынылады.

3. Залдардың жабылу мерзімдерін музей сайтында және афишаларда нақты көрсету, сонымен қатар бұл кезеңдерді басқа белсенділіктермен алмастыру маңызды.

4. Бірнеше көрменің ашылуын қатар жоспарлау — келушілер ағынын теңгерімді бөлудің тиімді тәсілі.

5. Уақытша қолжетімсіз залдардың орнына тұрақты экспозицияларды балама ретінде белсенді түрде ұсыну қажет.

8) Маркетингтік кампаниялар

2025 жылы Мемлекеттік орталық музей ауқымды маркетингтік кампания жүргізді. Оның негізгі мақсаты — Музейді кеңінен танымал ету, жаңа мақсатты аудиторияны тарту, брендті дамыту, музейлік өнімдерді ілгерілету және туристік тартымдылығын арттыру болды. Барлық іс-шаралар ішкі және халықаралық нарықтарды ескере отырып ұйымдастырылды.

9) 2025 жылдың негізгі бастамалар мен жобалар

1. Музейлік педагогика бөлімі жоба бойынша: **«Музейдегі сабақ»**, **«Музей-мектеп төрінде»** атты жылжымалы білім беру бағдарламасы, **«Қазақтың ұлы ғалымдары мен ағартушылары»** жылжымалы көрме-дәріс, **«Қазақ халық фольклоры»**, **«Қазақ хандарының билеушілері»**, **«Атадан жеткен асыл сөз»**, **«Қазақ салт-дәстүрлері бабалар даналығы»**, **«Әжемнің сандығы»**, **«Дәстүрлі қазақ қолөнері»**, экологиялық бағдарлама бойынша сабақтар өткізіледі. **«Қолжетімді музей: ҚРМӨМ инклюзивті бағдарламалары» жобасы және «Жас шебер»** музейлік қолөнер үйірмесі, **«MUSEUM FOR KIDS»** музейлік лагері жұмыс істейді. **«КМФ-Демеу»** корпоративтік қорының қолдауымен қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша тренингтер өткізіледі. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрілігінің қолдауымен оқушылар мен отбасылар арасында республикалық **«Мен және менің тазым»** тақырыбында фотобайқау жарияланды. Мемлекеттік Орталық музейі және **«Шыңға өрлеу»** қоғамдық қоры меморандумға отырды.

2. Онлайн-ілгерілету және билет платформалары Freedom Ticketon платформасымен белсенді жұмыс жүргізілді.

3. 2025 жылғы 10 маусымда Қазақстан Республикасы Ұлттық Орталық музейі музейі директорының міндетін атқарушы С.Б. Саров және **«Шыңға өрлеу»** қоғамдық қорының директоры Б.Э. Абишев ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

4. **«Менің Отаным-Қазақстан»**, **«Ұлы жібек жолы бойындағы қалалар»** музейлік сабақтар өткізілді. Қатысушылар саны: 199-ден астам.

5. **«Музей түні»** жобасы (18 мамыр). Іс-шараның визуалды материалдарын әзірлеу және интернет-ресурстарда кеңінен ілгерілету жұмыстары жүргізілді.

6. Сувенирлік өнімдерді әзірлеу және дайындау. Панно, мүсіншелер, балаларға арналған полиграфия, төсбелгілер, магниттер, жаңа өнім жасалды. түрі енгізілді. Сувенирлер сувенирлік киоск пен Музей кассасы арқылы сатылады. Сувенирлік өнімдер сонымен қатар дипломатиялық және өкілдік іс шараларда және Музейлер конгресінде ресми сыйлық ретінде қолданылды.

10) Қызметтерден түскен кіріс (экскурсиялар мен сувенирлер)

Бұл функция маркетинг және креативті индустрия бөліміне тікелей кірмейді, себебі барлық қаржылық талдау Музейдің қаржылық қамтамасыз ету қызметі тарапынан жүргізіледі. Бөлімнің міндеті — сувенирлік өнімге деген тұтынушылық сұранысты және оның танымалдығын визуалды бақылау арқылы қадағалау.

V. Ғылыми-әдістемелік жұмыс қызметі.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс қызметі — Музей қызметінің ғылыми негізін қамтамасыз ететін негізгі құрылымдық бөлімше болып табылады. Қызмет үш негізгі бағытты біріктіреді:

- ☐ Археология және этнография,
- ☐ Қазақстан тарихы,
- ☐ Өнертану.

Әрбір бағыт еліміздің мәдени және тарихи мұрасын терең әрі жан-жақты зерттеуге бағытталған. Бұл зерттеулерге далалық экспедициялар жүргізу, музей қорларын жүйелеу, артефактілерге ғылыми интерпретация жасау және музей ісіне заманауи әдістемелік тәсілдерді енгізу жатады.

Қызметтің негізгі бағыттары:

- ☐ Тарих, этнография, археология және өнер салаларында ғылыми зерттеулер жүргізу;
- ☐ Экспозициялар, қорлар және музей іс-шараларына арналған ғылыми құжаттаманы әзірлеу;
- ☐ Музейлік және мәдени жобалар бойынша сараптамалық қорытындылар дайындау;
- ☐ Ғылыми мақалалар жазу, музей жинақтары мен басылымдарын дайындауға қатысу;
- ☐ Ғылыми конференциялар, форумдар мен симпозиумдарда баяндамалар дайындау және ұсыну;
- ☐ Дөңгелек үстелдер, ғылыми пікірталастар және әдістемелік семинарлар ұйымдастыру;
- ☐ Музей ісі, экспонаттарды сақтау және интерпретациялау мәселелері бойынша әдістемелік жұмыс жүргізу;
- ☐ Көрмелер мен экспозициялар әзірлеу және жаңарту барысында ғылыми кеңес беру;
- ☐ Музейдің білім беру және ағартушылық бағдарламаларын әзірлеуге қатысу.

Кадрлық құрамы:

Қызмет құрамында өз салаларында терең білімі мен ғылыми беделі бар 46 жоғары білікті маман жұмыс істейді. Олардың қатарында:

- ☐ 1 PhD докторы,
- ☐ 4 доктор,
- ☐ 10 ғылым кандидаттар,
- ☐ 31 магистр,
- ☐ сондай-ақ тәжірибелі археологтар, тарихшылар, этнографтар, өнертанушылар және музейтанушылар бар.

Осындай кәсіби құрам Қызметке тек іргелі ғылыми міндеттерді орындауға ғана емес, сонымен қатар халықаралық және республикалық деңгейдегі жобаларға белсенді қатысуға, Қазақстанның мәдени мұрасын жоғары ғылыми деңгейде насихаттауға мүмкіндік береді.

1) Атқарылған жұмыс туралы мәліметтер

№	Орындалған жұмыстар	2025 жыл
1	Ғылыми-зерттеу жобалары	1
2	Далалық зерттеулер - археологиялық экспедициялар этнографиялық экспедициялар	3 -
3	Кітаптар: монографиялар каталогтар	- -
4	Мақалалар: Scopus Ғылыми мақалалар	14 40
5	Конференциялар	4
6	Көрмелер	70
7	Дөңгелек үстелдер	1
8	Семинар	-
9	Дәрістер	17
10	Оқу курстарынан өту	56

2) Қазақстан музейлерін дамыту жөніндегі үйлестіру-әдістемелік орталық

Қазақстан музейлерін дамыту жөніндегі үйлестіру-әдістемелік орталық 2025 жылға бекітілген жоспарға сәйкес өз қызметін жүзеге асырды.

Жыл бойы Орталық музей мамандарына арналған **56** негізгі іс-шараны ұйымдастырды, олардың қатарында (біліктілікті арттыру курстар, семинар-практикумдер, семинарлар, шетелдік біліктілікті арттыру вебинар-курстар, семинар-тренингтер).

Жарғылық міндеттер мен жылдық жоспардан тыс, 2025 жылы Ұлттық орталық музейі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырмалары мен сұраныстарына сәйкес, музейлердің қызметі мен мәдени бастамаларды жүзеге асыруға қатысты қосымша **жұмыстарды да орындады.**

VI. Қор жұмысы қызметінің қорларын сақтау бөлімі.

Қорлар бөлімі музейлік құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етіп, олардың қозғалысы мен есепке алуын ұйымдастыру және үйлестіру жұмыстарын жүзеге асырады. Бөлімнің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

☐ музейлік заттарды сақтау мен есепке алу бойынша ғылыми құжаттаманы жүргізу;

☐ экспонаттардың музей ішіндегі және сыртындағы қозғалысын бақылау;

☐ коллекцияларды жүйелеу, түгендеу және классификациялау;

☐ «АСП Музей» автоматтандырылған жүйесінде жұмыс жүргізу;

☐ қызметкерлерді қор сақтау қоймаларына жіберу тәртібін бақылау;

☐ комиссиялар мен салалық іс-шараларға қатысу.

Бөлім сондай-ақ температуралық-ылғалдылық режимінің, санитарлық өңдеудің және өрт қауіпсіздігінің сақталуын қамтамасыз етеді, қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсетеді және келісілген өтінімдер бойынша сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды. Бөлім басшысы өзіне сеніп тапсырылған қорлар үшін материалдық жауапкершілік алады, бөлімнің жұмыс жоспарларының орындалуын ұйымдастырады, еңбек тәртібінің, ішкі еңбек ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ жұмыстан уақытша болмаған жағдайда бұл туралы уақытылы хабарлап, жұмыстан кету кезінде істерді тапсыруға міндетті.

2025 жылғы деректерге сәйкес, Музей қоры 501223 сақтау бірлігін құрайтын музейлік заттардан тұрады. Бұл жәдігерлер 25 коллекциялары 15 қордың ішінде сақтау қоймасында сақталады. Олардың ішінде аса құнды әрі бірегей экспонаттар бар, атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейдің фондтар:

№ р/р Қор атаулары

1. Бағалы металдар.
2. Ағаш. Тері. Сүйек.
3. Бейнелеу өнер.
4. Фарфор және керамика.
5. Мүсін.
6. Археология.
7. Кілем-киіз бұйымдары.
8. Палеонтология.
9. Нумизматика (бонистика+конверты+л/б+п/к+марки+открытки)
10. Оружие.
11. Металл. Смешанный.
12. Одежда. Знамена и вымпелы.
13. Палеоантропология.
14. Фотодокументальный фонд.
15. Музей им.А. и Г.Жубановых (дом-музей).

Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейдің коллекциялары

№ р/р Коллекция атаулары

1. Палеонтология
2. Археология
3. Палеоантропология
4. Геология
5. Монеты
6. Бонистика
7. Бағалы металдар
8. Кілем-киіз бұйымдары
9. Тоқыма бұйымдары
10. Сирек кітаптар мен қолжазбалар
11. Қару -жарақ және ат әбзелдрі
12. Музыкалық аспаптар
13. Киім-кешектер
14. Бейнелеу өнері
15. Мүсін
16. Фарфор және керамика
17. Фотоқұжаттар
18. Аралас бұйымдар
19. Филадельфия
20. Лотерея билеттері
21. Маркалар
22. Вексиллология
23. Фалеристика
24. Флора және фауна
25. А. и Г. Жубановтардың мұрасы бөлімі.

Барлығы 15 қойма бар, олар көмірқышқыл газын автоматты өрт сөндіру жүйесімен жабдықталған. Қойма есіктері отқа төзімді металдан жасалды. Сейфтер мен шкафтар нұсқаулық талаптарына сай орналастырылған.

Қоймаларда ауаның ылғалдылығы мен температурасын реттейтін термогидростат орнатылған, өрт сөндіруге арналған газ қондырғылары жұмыс істейді. Қойма төбесінен еденге дейінгі кеңістік арнайы ылғал реттейтін материалмен қапталған. Қалыпты климаттық режим сақталады: температура +20 (+/- 1) °С, ылғалдылық — 50%, жүйе автоматтандырылған жүйеге қосылған.

Бұл сақтау және қорғау жүйесі музей қорындағы бірегей әрі тарихи құндылығы жоғары жәдігерлердің сақталуын **толық қамтамасыз етеді**.

1) Музейлік заттар мен коллекцияларды сыртқы және халықаралық көрмелерге беру кезінде туындайтын тәуекелдер.

Музей экспонаттары мен коллекцияларын сыртқы және халықаралық көрмелерге беру музей қызметінің маңызды бағыты болып табылады, ол мәдени алмасуға, халықаралық ынтымақтастыққа және мәдени мұраны насихаттауға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл процесс экспонаттардың сақталуына, мекеменің беделіне және көрме жобаларының жүзеге асырылуына әсер ететін бірқатар әлеуетті тәуекелдерге байланысты.

Негізгі тәуекел топтары:

1. Тасымалдау тәуекелдері

Экспонаттардың соққы, діріл, дұрыс оралмау және бекітілмеу салдарынан физикалық зақымдануы.

Климаттық жағдайлардың қолайсыздығы: температура мен ылғалдылықтың күрт ауытқулары, климаттық аймақтар арасындағы қозғалыстар немесе ұшу кезінде.

Логистикадағы жоғалту, кешігу немесе қателіктер, әсіресе халықаралық тасымалдау кезінде шекараларды кесіп өту.

2. Кеден және құқықтық тәуекелдер

Уақытша шығару рәсімдеу кезінде бұзушылықтар, қажетті рұқсаттар мен құжаттардың жоқтығы.

Кеденде декларациялардың дұрыс толтырылмауы, санкциялық шектеулер немесе сыртқы саяси жағдайдың тұрақсыздығынан кешігулер.

Келісімшарттардағы келіспеушіліктер, сақтандырудың болмауы немесе заттардың құқықтық мәртебесіне байланысты даулар.

3. Сақтандыру және қаржылық тәуекелдер

Экспонаттардың сақтандырылу деңгейінің жеткіліксіздігі (бағалаудың төмендігі, толық қамтылмауы).

Қосымша жоғары шығындар: тасымалдау, орау, күзет, іс-сапарлар, сақтандыру және монтаждау.

Іс-шаралардың орындалмауы кезінде қаражаттың қайтарылмау тәуекелі.

4. Ұйымдастырушылық-техникалық тәуекелдер

Экспозицияны монтаждау және демонтаждау кезінде стандарттардың сақталмауы немесе серіктес тараптың біліктілігінің жеткіліксіздігі.

Сақтау және көрсету шарттарының бұзылуы, оның ішінде жарықтандыру, температура мен ылғалдылық режимі, күзет және сигнализация.

Адам факторлары: мұқиятсыздық, салғырттық, сүйемелдейтін қызметкерлердің шаршауы.

5. Беделдік тәуекелдер

Экспонаттардың зақымдануы, жоғалуы немесе оларды айналасындағы дау-мұқаддес музейдің ұлттық және халықаралық деңгейдегі беделіне зиян келтіруі мүмкін.

Ұйымдастырушылық кемшіліктер салдарынан серіктестермен келісімдердің бұзылуы және ынтымақтастықтың тоқтатылуы.

6. Этикалық және мәдени тәуекелдер

Арнайы құнды немесе киелі заттарды шығару қоғамдық резонанс тудыруы немесе мәдени қайшылықтарға себеп болуы мүмкін. ЮНЕСКО-ның мәдени құндылықтардың айналымы жөніндегі халықаралық нормалары мен конвенцияларын бұзу жолы бермеу.

2) Тәуекелдерді азайтуға арналған ұсыныстар

□ Маманданған сарапшыларды тарту арқылы заттарды тасымалдау мен көрсетуге арналған егжей-тегжейлі жоспар әзірлеу.

□ Тараптардың міндеттері мен сақтандыру шарттары нақты көрсетілген толық келісімшарттар жасау.

□ Мүмкін болатын тәуекелдерді толық қамтитын мұқият сақтандыру бағалауын жүргізу.

□ Барлық кезеңдерде экспонаттарға жауапты тәжірибелі куратор-сүйемелдегіні тағайындау.

□ Орау стандарттарын, микроклимат пен қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау.

□ Дайындық кезеңінде мемлекеттік органдар мен кеден қызметтерімен тығыз ынтымақтастық орнату.

□ Экспонаттардың жағдайын жүйелі бақылау және логистика мен көрсету кезеңдерінің барлығын құжаттандыру.

Музей экспонаттарын сыртқы және халықаралық көрмелерге беру кешенді тәсілді және кәсіби стандарттардың қатаң сақталуын талап етеді. Потенциалды тәуекелдерді уақытылы анықтап, азайту – **осындай іс-шаралардың қауіпсіз және табысты өтуінің негізгі шарты болып табылады.**

VII. Педагогика жұмыстармен айналысатын музейдің бөлімдері.

2025 жылдық есебінде «Музейдегі сабақ» жобасы аясында **46 музейлік сабағының ішінде 17 ақылы музейлік сабақ және 2 жылжымалы музейлік сабақ**, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған **7 музейлік сабақ, 1 дөңгелек үстел және 14 «Жас шебер»** қолөнер үйрмесінің сабағы, **28 шеберлік сабақ (4 ақылы), 22 мәдени-танымдық іс-шаралар** өтті. «КМФ-Демеу» Корпоративтік қоры, қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша оқушыларғаа **3 тренинг- сабақ** өткізілді.

Музейдің бөлмелер: педагогикасы және балалар шығармашылығы жұмыс істейді – Музейдің экскурсиялық жұмыс, музей педагогикасы және көрме залдарының сақталуын қамтамасыз ету қызметінің құрамындағы құрылымдық бөлімше. Бұл бөлімше Қазақстан Республикасы заңнамасына, Музейдің Жарғысына және ішкі нормативтік актілеріне сәйкес қызмет атқарады.

Бөлімнің негізгі міндеттері – музейлік білім беру әдістемесін әзірлеу, балалар мен жасөспірімдерде эстетикалық талғам мен тарихи ойлау қабілетін қалыптастыру, балалар шығармашылығы орталығын ұйымдастыру және дамыту, отбасылар мен балаларға арналған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, социологиялық сауалнамалар жүргізу және әдістемелік материалдар дайындау.

Бөлімнің функцияларына мәдени-ағартушылық іс-шаралар, музей сабақтары, квесттер, дәрістер және өскелең ұрпақпен жұмыс жүргізудің басқа да түрлерін ұйымдастыру және өткізу кіреді.

Бөлім Музейдің басқа құрылымдық бөлімдерімен тығыз байланыста болып, жұмыс сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу құқығына ие. Ол Қызмет басшысының қарамағында жұмыс істеп, бекітілген ұйымдастырушылық құрылым мен штат кестесі шеңберінде қызмет атқарады.

Музейлік педагогика бөлімі жоба бойынша: **«Музейдегі сабақ»**, **«Музей-мектеп төрінде»** атты жылжымалы білім беру бағдарламасы, **«Қазақтың ұлы ғалымдары мен ағартушылары»** жылжымалы көрме-дәріс, **«Қазақ халық фольклоры»**, **«Қазақ хандарының билеушілері»**, **«Атадан жеткен асыл сөз»**, **«Қазақ салт-дәстүрлері бабалар даналығы»**, **«Әжемнің сандығы»**, **«Дәстүрлі қазақ қолөнері»**, экологиялық бағдарлама бойынша сабақтар өткізіледі.

1) БАЛАЛАР МЕН ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАР

«Музейдегі сабақ» жобасы

Орталық музей оқушылардың мәдени-білім беру деңгейін көтеру, патриоттық сезімін тәрбиелеу, оқушыларды елдің тарихи-мәдени мұрасын сақтауға үйрету, өз еліне, ата-бабасына деген құрметін, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру мақсатында жұмыс жасайды. Кәзір музейде көне дәуірден кәзіргі заманға дейінгі Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне арналған жеті тұрақты зал жұмыс істейді: «Палеонтология және археология», «Этнография, қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында және диаспоралар мәдениеті» «Кәзіргі Қазақстан», «Ашық қор»- Қазақстанның археологиялық алтыны, «Антропология музейі». Аталмыш залдардағы тарихи кезеңдер мектеп бағдарламасына сәйкес келеді, осыған орай, «Музейдегі сабақ» жобасы іске алынды. «Музейдегі сабақ» жобасы аясында осындай сабақтар өтті.

➤ «Хлудов әлемі»

24 қаңтар және 5 ақпан күндері ҚР Ұлттық орталық музейі «Мектептегі музей» жобасы аясында көшпелі білім беру бағдарламасын ұйымдастырды. Көшпелі дәріс №131 Б. Момышұлы атындағы мектеп-лицейде және Ш.Уалиханов атындағы жеке меншік мектебінде Н.Г.Хлудовтың 175 жылдығына арналған «Хлудов әлемі» тақырыбында өткізілді. Көшпелі дәрісте оқушыларға Н.Г. Хлудовтың шығармашылығы мен және оның ерекше туындылары слайд арқылы таныстырылды. Хлудовтың Жетісу жеріне қоныс аударуы, және Жетісу табиғатын тамсана суреттеп, қазақтардың салт-дәстүрін, қазақ халқының тыныс-тіршілігін, тұрмысын, мәдениетін бейнелеген суретшіге айналды. Картиналары көркемдік құндылығымен қатар қазақ халқының дәстүрлі тіршілік қамы бейнеленген этнографиялық құндылық болып табылады. Өлкенің көптеген жерлерінде болған Хлудов жүрген жерлерінен сан алуан этюдтер, сызбалар, суреттер салып, кейін соның негізінде этнографиялық-өлкетанушылық маңызы зор және көркемдік орындалу шеберлігі жағынан әрқилы картиналар сериясын жасайды. Білім беру бағдарламалары музейде тек археологиялық, этнографиялық экспонаттар ғана емес, картиналар да, мәдениет пен өнерді сақтау арқылы музей ролін көрсету. ҚРММ қорында Н.Г. Хлудовтың 117 көркемсурет, 39 қарындашпен салынған сурет кескіндері және 55 акварельдік жұмыс пен әртүрлі этюдтер мен сурет кескіндерден тұратын үш альбомның материалдары бар. Суретшінің 175 жылдығына орай «Дала бояулары» көрмесіне №92 М.Ганди атындағы арнайы мамандандырылған мектептің 8-сынып оқушылары экскурсиямен картиналарды тамашалады.



➤ Н.Г.Хлудовтың шығармалар әлемі - ол көрген тірі табиғаттың шынайы сұлулығының, оның әсемдігін бағалай білудің және қазақ халқының ұлттық дала дәстүрлерінің, салт-дәстүрлері мен өмірлік әдет-ғұрыптарының бай бояуы мен алуан түрлілігін түсіне білудің қуаныш, шынайылық және жарқын сезімдерінің үйлесімі.

2025ж. 30.09 күні №199 мектеп-гимназияның оқушыларына, музей қорындағы «Н.Г.Хлудовтың картиналары» тақырыбында музейлік дәріс өткізілді. Оқушыларға көрнекті суретші-кескіндемеші, этнограф, өлкетанушы, Хлудовтың Қазақстанға келіп әр түрлі экспедицияға қатыса жүріп, көшпелілердің мәдениеті, шаруашылығы мен тұрмысы тақырыбында салынған картиналар туралы, Верный қаласында тұңғыш көркем сурет мектебін ашқаны жайлы қызықты ақпараттар және оның мұраларының ең айтарлықтай бөлігі Музей қорында сақтаулы екені кеңінен айтылды. Дәріс соңында оқушылар Н.Г.Хлудовтың шығармалары бойынша суреттер салып, туындыларын аяқтап келуге үй тапсырмасы берілді. Оқушылардың туындылары бағаланып, мектеп қабырғасында көрме ұйымдастырылды.





➤ «Ерлікке тағзым»

12 ақпанда Орталық музейде Ұлы жеңістің 80 жылдығына орай «Ерлікке тағзым» тақырыбында музейлік сабақ өтті. Сабаққа қаламыздағы №203 мектептің 9-сынып оқушылары қатысты. Музейлік сабақ Қазақстан тарихы залындағы «Қазақстан – Ұлы отан соғысы жылдарында» экспозициясындағы шағын экскурсиядан басталды. Сонымен қатар, майдангерлердің соғыс даласында көрсеткен ерен ерліктері тылдағы қарапайым халықтың жеңіс күнін жақындатудағы қосқан үлестері туралы айтылып, суретші, кеңес әскері Н.В.Цивчинскийдің музей қорында сақталған суреттері оқушылар назарына ұсынылды.



➤ «Кел, балалар оқылық»


15 қантарда Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейінде қазақ халқының ұлы ағартушылары Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин және Шоқан Уәлихановқа арналған интерактивті, танымдық «Кел, балалар оқылық» сабағы өтті. «Қазақтың ұлы ғалымдары мен ағартушылары» көрмесінің көмегімен олардың өмірі мен қазақ халқын ағартудағы еңбегі, Қазақстан мәдениеті мен ғылымына қосқан үлесі туралы айтылды. Сабаққа Қ. Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясының 8 сынып оқушылары қатысты.



➤ «Арманымның ақ кемесі»

20 ақпан айында ҚР ҰО музейінің музейлік-педагогика бөлімі оқушыларға тренинг ұйымдастырды. Қаламыздағы И. Нүсіпбаев атындағы облыстық мектеп-интернатында «Арманымның ақ кемесі» тақырыбында, жоғары сынып

оқушыларына арналған тренинг-кездесу өтті. Бала кездегі армандары, қазіргі уақытта таңдап отырған мамандықтары туралы өз ойларымен бөлісіп, ерекше ықыласпен психологиялық тест, ойындарға қатысып, еркін, ашық пікірталастар жүргізілді. Мамандық таңдау кезінде тұрған оқушыларға бағыт-бағдар беріп, болашақта мемлекетіміздің дамуына мықты мамандардың пайда болуына қоғам болып үлес қосу біздің мақсатымыз.



➤ «Аққан жұлдыз»

25-і сәуірінде ҚР ҰО музейінің, музейлік-педагогика бөлімі, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Ғылым академиясының академигі - Сәбит Мұқанұлы Мұқановтың 125 жылдығы және XIX ғасырдың ойшыл ғалымы, саяхатшы, шығыстанушы, географ, ағартушы, фольклоршы Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына орай, жазушы С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романы бойынша музейлік сабақ ұйымдастырды. Музейлік сабақ Б.Момышұлы атындағы 131 мектеп-лицейінде 6 Ә сынып оқушыларына жүргізілді.

Жазушы С. Мұқановтың өмір-баянына, шығармашылығына арналған слайд көрсетілді. Ары қарай, романдан үзінділер оқылып, Шоқанның шығу тегі, балалық шағы, Омбыдағы оқу кезеңдері қамтылды. Орыс-қазақ арасындағы қатынастар, сол кезеңде қабылданған реформаның, патшалық Ресейдің қол астына кірген қазақтың жайы, Шоқанның да балаға тән еркелік, тентектік қылықтары, Шоқанның өмірінде ерекше орын алған әжесі - Айғаным, анасы – Зейнеп жайлы, жазылған бұл шығарманы оқушылар ерекше ықыласпен қабылдады.




➤ «Біз байтақ елдің азаматтарымыз»

16 сәуір 2025 жылы ҚР Ұлттық орталық музейінде Қазақстан Республикасының Конституциясының 30-жылдығына арналған «Біз байтақ елдің азаматтарымыз» атты өткізілді.

Дәріске Алматы қаласының №10 жалпы білім беретін мектеп оқушылары шақырылды. Оқушыларға Тәуелсіздік залында экскурсия өткізілді. Содан кейін слайд-шоудың көмегімен Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері туралы мәлімет айтылып, музей педагогтары туымыз, елтаңбамыз және әнұранымыз жай ғана рәміздер емес, ол халқымыздың сан ғасырлық тарихын бейнелейтін символдар екенін жас өрендердің санасына сіңіруге тырысты. Оқушыларға Конституцияда жазылған ел тұрғындарының міндеттері, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, табиғат байлықтарын сақтау және ұқыпты қарау туралы да айтылды.

«Оқушылар өз елінің азаматы болу» деген нені білдіреді деген тақырыптағы әңгімеге белсенді қатысты. Сабақ соңында оқушылар викторина сұрақтарына жауап берді.



➤ «Ата заңым айбыным»

28 мамырда ҚР Ұлтық орталық музейінде балаларды қорғау күніне орай «Ата заңым айбыным» және «Біз байтақ елдің азаматтарымыз» атты музейлік сабақ өткізілді. Сабаққа Алатау ауданы №1 бөлімшесінің оқушылары мен № 108 мектеп оқушылары қатысты. Оқушыларға «Егемен Қазақстан» залында экскурсия жүргізіліп, Ата заңның ұғымы кең түсіндіріліп, заң баптарында жазылған білім алу, тарихи ескерткіштерді қорғау туралы білімдерін толықтырып, слайд арқылы Қазақ хандығынан бергі дала заңы, жеті жарғы, билер соты, Алаш көсемдері бастаған партияның бағдарламасы және т.б ақпараттармен сусындады.



➤ «Ұлттық рәміздер - мақтанышымыз»

ҚР Ұлттық орталық музейінде 4-маусым рәміздер күніне орай «Ұлттық рәміздер - мақтанышымыз» музейлік сабағы өтті. Сабаққа «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубының Бостандық және Алатау аудандық №2 бөлімінің балалары қатысты. Оқушыларға «Егемен Қазақстан» экспозициялық залында рәміздер туралы қызықты ақпараттар айтылып, экскурсия жүргізілді. Мемлекеттік рәміздер - кез-келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, ажырамас атрибуттарының бірі.

Қазақстан Республикасында Мемлекеттік туы, елтаңбасы мен әнұраны елдің айбынын асқақтатар негізгі нышандар. Сабақ соңында балалар рәміздер туралы деректі фильм тамашалап, викториналық сұрақтарды шешті.



➤ **«Қазақстандықтардың өшпес ерлігі»**

5 мамыр ҚР Ұлттық орталық музейінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Қазақстандықтардың өшпес ерлігі» атты музейлік сабақ өткізілді. Сабаққа №92 М.Ганди атындағы мамандандырылған-лицейдің 9 в сынып оқушылары қатысты.

➤ **Қазақстандағы Аналар күні**

ҚР Мемлекеттік орталық музейінде 8 және 10-шы мамыр күндері аналар күніне арналған музейлік сабақтары ұйымдастырылды.

➤ **«Шәкірт пен ұстаз: Ә.Қастеев пен Н.Хлудов шығармашылығындағы сабақтастық»**

29 мамырда Орталық музейдің педагогика бөлімінің мамандары «Шәкірт пен ұстаз: Ә.Қастеев пен Н.Хлудов шығармашылығындағы сабақтастық» тақырыбында музейлік сабақ өткізді. Сабаққа «Шыңға өрлеу» әлеуметтік орталығының оқушылары келді.

Алдымен ұлы суретшілердің өмірі мен шығармашылығы жайлы айтылды. Қос суретшінің «Жамбыл», «Абай» портреттері, қазақ тұрмыс-тіршілігін, табиғатын бейнелейтін «Қойшы бала», «Түйе сауу» туындылары оқушыларға таныстырылды. Одан әрі қарай балалардың қиялын, ойларының ұшқырлығын дамыту үшін «Бала қиялы картина ішінде» ойыны ойнатылды.

Ойын барысында балалар «Қойшы бала» картинасына ғажайыптан кіріп кетсем баламен сөйлесер едім, алыста мұнартқан киіз үйлерге кіріп шығар едім, көк майса көгалда шалқамнан түсіп аспанға қарап жатар едім, қойшы балаға көп сұрақтар қояр едім деген секілді өз қиялдарымен бөлісті. Ал «Өнер не айтты?» ойында суретшілердің туындыларынан алған әсерлерін жеткізді.



➤ 28 мамырда ҚР Орталық музейінде музейдің ақпараттық бөлімінің басшысы И.П. Середенко өткізген «Музей ісіндегі ақпараттық технологиялар» музейлік сабағы өтті. №4 гимназия оқушылары мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттеріне ҚР МОМ мен әлемнің басқа да музейлерінде қолданылатын ақпараттық технологияларды қолданудың әртүрлі аспектілері туралы айтылды. Соның ішінде экспонаттарды сандық каталогтау және музейге келушілер үшін заманауи мультимедиялық құралдарды қолдану туралы баяндалды. Сабақ барысында Археология және этнография залдары бойынша экскурсиялар өткізілді, онда QR-кодтарды пайдалана отырып келушілер үшін интерактивті дүңгіршектер мен мобильді аудио нұсқаулықтың практикалық қолданылуы көрсетілді. Сенсорлық дүңгіршектер мектеп оқушылары мен студенттердің қызығушылығын тудырды, онда ежелгі алтын зергерлік бұйымдарды 3D форматында көре алатыны, сондай-ақ «Палеонтология» тақырыбы бойынша ақпаратты бақылау тақтасында ойын түрінде көруге болатыны.

Іс-шара Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ студенттері дайындаған «Қазақ мәдениеті IT технология және жасанды интеллект арқылы жаңғыру» (Анарбай Әйгерім),

«Мәдениет және жасанды интеллект. Кім кімді қалыптастырады?» (Бүркітова Балнұр) және «Географиядағы IT технологиялар» (Тоқсанбаев Бақдаулет) презентацияларымен жалғасты.

Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейде «Балбұлақ» балабақшасының балаларына «Динозаврлар әлемінде» атты музейлік сабағы өткізілді.

Кішкентай бүлдіршіндерге палеонтология залына экскурсия жасалып ежелгі заманның тіршілік иелері – динозаврлар туралы мәліметтер айтылды.

Қорқынышты кесірткелердің (Динозавр сөзінің грек тіліндегі аудармасы) немен қоректенгені, жер бетінен не үшін жоғалып кеткені, қанша уақыт өмір сүргендері олардың түрлері жайлы қызықты деректер және палеонтология ғылымы, палеонтолог ғалымдар жайлы түсініктемелер айтылды.

Сабақ соңында балалар өздерінің сүйікті динозаврларының суретін салып, естелікке фотоға түсті.



➤ Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейде қазақтың қолөнеріне арналған музейлік сабақ және шығармашылық іс-шара өтті.

Сабақ барысында балалар дәстүрлі қолданбалы өнердің негізгі түрлерімен, атап айтқанда киіз бұйымдары, кілем тоқу, тұрмыстық заттарды ою-өрнекпен безендіру дәстүрімен танысты. Қазақ халқының мәдениетіндегі шеберлердің рөлі мен ою-өрнек мәніне ерекше назар аударылды.

Шығармашылық бөлімде қатысушылар өз қолдарымен күн мен өмірлік энергияны бейнелейтін спираль түріндегі өрнекпен шағын панно жасап көрді.

Осындай музейлік сабақтар балалардың ұлттық мұраға деген құрметін қалыптастырып, тарих пен дәстүрлі қолөнерге деген қызығушылығын арттырады.



«Қазақ салт-дәстүрлері бабалар даналығы» жобасы

Жобаның мақсаты – өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа бабаларымыздың салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетке, дәстүрге, тәрбиелілік мәні бар салтымызға құрметпен қарауды ұғындыру. Қазақ халқының тереңнен келе жатқан мәдениетін бойларына халқымыздың тұтынған заттары арқылы таныстыру, оларды мақтанышпен қастерлеу. Жоба аясында «Қазақстанның петроглифтері», «Музейдегі қастерлі зат-қамшы», «Қазақ ұлттық киімі», «Қазақтың зергерлік бұйымдары», «Қазақтың ұлттық бас киімдері» және т.б. музейлік сабақтар өткізілді.

➤ «Қазақстан петроглифтері»

8 ақпан айында ҚР Мемлекеттік Орталық музейінде «Қазақстан петроглифтері» тақырыбында музейлік сабақ өтті. Дәріс барысында археология және палеонтология залы бойынша экскурсия жүргізіліп, оқушылар петроглифтердің құпиясына үңілді. Ата-бабаларымыз қалдырған бұл бейнелер - ежелгі халықтардың өмірі, дәстүрлері мен дүниетанымы туралы мол мағлұмат береді. Балалар сонымен қатар петроглифтерді жасау әдістерін меңгеріп, суреттерін салды.



МУЗЕЙЛІК САБАҚ



➤ «Қазақтың зергерлік бұйымдары»

6 ақпан айында «Қазақ салт-дәстүрлері - бабалар даналығы» жобасы аясында ұлттық зергерлік бұйымдарына арналған музейлік сабақ өткізілді. Балалар қазақ зергерлік бұйымдарының тарихы мен символикасы, зергерлердің шеберлігі және күмістен, алтыннан, асыл тастардан бұйымдар жасау техникасымен танысты. Әрбір экспонат сабаққа қатысушылар алдында халқымыздың ежелгі дәстүрлері мен көркем мұраларының бірегей әлемін ашады. Зергерлік бұйымдарды қолдана отырып, балалар ұлттық әшекейлер жасады! Мұндай сабақтар жас ұрпаққа өз халқының мәдениетін тереңірек түсінуге, ата-бабалардың баға жетпес мұрасын сақтауға және жеткізуге көмектеседі.



➤ «Қазақтың ұлттық бас киімдері»

16 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінде «Қазақтың ұлттық бас киімдері» тақырыбында балаларға арналған қызықты сабақ өтті. Балалар қазақтың бас киімдері (тәкия), қалпақ, бөрік, тымақ, сәукеле, кимешексынды сан алуан түрлерімен танысып, олардың шығу тарихымен, мән-мағынасы мен жасалу ерекшеліктерімен танысты.

Тәрбиелік лекциядан кейін балалар бас киімдерді безендіріп, әшекейлеген шығармашылық шеберлік сыныбына қатысты. Өрім, шынжыр, моншақ және зергерлік бұйымдарды пайдалана отырып, әрбір қатысушы өзінің даралығы мен шығармашылығын көрсететін бірегей бас киім жасады.



«Қазақ халық фольклоры»

Жобаның мақсаты: өскелең ұрпаққа халық ауыз әдебиетін дәріптеу, өз халқының тарихи өткеніне деген қызығушылығын, ұлттың мәдениеті мен әдебиетіне деген құрмет сезімін тәрбиелеу, оқушылардың тіл байлығын, ой ұшқырлығын шыңдау, Ана тіліміздің мәртебесін, көркем, қызықты сөздермен өрілген ертегіжелісі бойынша арттыру, фольклор жанры арқылы мәдени салт-дәстүрімізді, ұлттық ерекшеліктерімізді бала бойына сіңіру. Жоба аясында: «Еңлік-Кебек» поэмасы тақырыбында, «Қыз Жібек» жырына арналған музейлік сабақтар өткізілді.

➤ «Қыз Жібек»

13 наурыз айында Орталық музейде «Қазақ халық фольклоры» жобасы аясында «Қыз Жібек» жырына арналған музейлік сабақ өтті. Сабақтың негізгі мақсаты: оқушыларды қазақ фольклорларымен таныстыру. Жыр арқылы ұлттық мәдени,

рухани құндылықтарды, ұмыт қалып бара жатқан салт-дәстүрлерді дәріптеу, сонымен бірге жырда сөз маржанындай өрілген қазақ тілінің байлығын, сонымен бірге жастардың бойына батырлық, адалдық, тапқырлық, даналық сияқты адами қасиеттерді дарыту. Музейлік сабаққа қаламыздағы И.Нүсіпбаев атындағы облыстық мектеп-интернатының 8 ші сынып оқушылары қатысты. Оқушылар жырды ықыласпен тыңдап, жырдың тарихи маңызын, біз біле бермейтін, кейіннен шыққан жыр зерттеулері туралы қызықты мәліметтерді тыңдады.



➤ «Еңлік-Кебек»

2025 жылдың 14 сәуірде Орталық музейде «Қазақ халық фольклоры» жобасы аясында «Еңлік-Кебек» жырына арналған музейлік сабақ өтті. Сабақтың негізгі мақсаты: оқушыларды қазақ фольклорларымен таныстыру. Жыр арқылы ұлттық мәдени, рухани құндылықтарды, ұмыт қалып бара жатқан салт-дәстүрлерді дәріптеу, сонымен бірге жырда сөз маржанындай өрілген қазақ тілінің байлығын, сонымен бірге жастардың бойына батырлық, адалдық, тапқырлық, даналық сияқты адами қасиеттерді дарыту.

Музейлік сабаққа қаламыздағы 123 мектеп –гимназиясының 9 Д сынып оқушылары мен 8 Ғ сынып оқушылары қатысты. Оқушылар жырды ықыласпен тыңдап, жырдың тарихи маңызын, біз біле бермейтін, кейіннен шыққан жыр зерттеулері туралы қызықты мәліметтер тыңдады.



➤ «Ай мен жұлдыз» қазақ халқының ертегісі

22 мамырда «Жан-сая» дағдарыс орталығындағы ана мен балаларға арналған «Ай мен жұлдыз» қазақ халқының ертегісі оқылды. Ертегінің соңында, ертегінің тәрбиелік маңыздылығы жайлы айтылып, балалармен бірге ертегі кейіпкерлеріне талдау жасалды. Мейірімділік, татулық, еңбекқорлық жайлы мақал-мәтелдер оқылып, мағынасы түсіндірілді. Ертегінің қызық оқиғасына қаныққан балалар «Ай мен жұлдыз» ертегісінің желісі бойынша киізден, жұлдыздармен көмкерілген «Айшық» кеуде түйреуішін жасады.

«Атадан жеткен асыл сөз: «Бабалар сөзі» жобасы

Жоба мақсаты: халқымыздың сандаған ғасырлар бойы жинақтаған баға жетпес қазынасы, бабалардан қалған ұлағатты, ғибрат аларлық сөздерді балаларға ұғындыру, сол сөздерден өнеге алуға баулу, тілдерін дамыту. Қазақ даласында өмір сүрген шешендердің асыл сөздерімен таныстыру. Балалардың ойлау қабілетін дамыту, тіл байлығын, сөздік қорларын арттыру, жас ұрпақты сөз қадірін түсінуге, үлкеннің ақылын тыңдау парыз екенін ұғындыру. Жоба аясында.

➤ **«Әбілқайыр кеңесшісі – Мөңке бидің 350 жылдығына»**


17 қаңтар ҚР Орталық музейінде Қазақ хандығының Билеушілері жобасы аясында «Әбілқайыр кеңесшісі – Мөңке бидің 350 жылдығына» музейлік сабақ өткізілді. Сабаққа №131 Б. Момышұлы атындағы мектеп-лицей оқушылары қатысты. Оқушыларға Қазақ хандығы экспозициясына экскурсия жүргізіліп, жалпы би-шешендер туралы толық мағлұмат айтылды. Ханның қасында кеңесші бола жүріп Ресей еліне дипломатиялық елші болып баруы, Мөңке бидің шығармасына арқау болған сол кездегі Қазақ жеріндегі оқиғалар, болашақты болжай айтуы Мөңке биді «Дала Нострадамусы» деп атауы, оның би болумен қатар, ел басқарған рухани көсем, әулие болғандығы көрегендігі айтылады. Сонымен қатар оқушыларға сабақты пысықтау мақсатында викториналық сұрақтар, би-шешен сөзін қалай түсінетіндігі туралы ойын түрінде сұрақ-жауап айдары болды.

➤ **«Төле, Әйтеке, Қазыбек би»**

19 ақпан ҚР Орталық музейінде «Атадан жеткен - асыл-сөз» жобасы аясында «Төле, Әйтеке, Қазыбек би» музейлік сабақ өткізілді. Сабаққа К. Тамабаев атындағы мектеп оқушылары қатысты.

Оқушыларға Қазақ хандығы экспозициясына экскурсия жүргізіліп, жалпы би-шешендер туралы толық мағлұмат айтылды. Қазақ билері- ерте заманда осы күнгі соттың да, тергеушінің де қызметін атқарған. Өздерінің бір ғана сөзімен әділ және елге сыйлы бола білді. Шешендердің сөздері өлеңмен өрілген сөз тұнығы: сырлы теңеу, астарлы сын, жинақы ой, жұмбақты меңзеу, қисынды толғам, ағып тұрған поэзия, тұнып тұрған философия. Шешендер – орақ ауыз, от тілді сөзуар, тапқыр, тілге жүйрік, сөз қисынын тауып айтатын халық қалаған сөз шебері деген тұжырым айтылды.

Сонымен қатар оқушыларға сабақты пысықтау мақсатында викториналық сұрақтар, би-шешен сөзін қалай түсінетіндігі туралы ойын түрінде сұрақ-жауап айдары болды.



➤ Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінде, 25-қазан Республика күніне орай «Менің Отаным-Қазақстан» музейлік сабағы өткізілді. Сабаққа КММ «Ушинский атындағы мектеп» оқушылары қатысты.

Сабақ барысында жас өрендерге Тәуелсіз Қазақстан экспозициялық залында 1990 ж 25 қазанда қабылданған декларация туралы айтылып, экскурсия жүргізіліп, мемлекеттік рәміздер, ұлттық валютатуралы айтылды және егеменді еліміздің қалыптасуы жолындағы жеткен жетістіктері баяндалды. Республика күніне орай ҚР

МОН «Ғылыми кітапханасы» тәуелсіздік жылдарындағы шыққан кітап көрмесін ұйымдастырды.

Сабақты қорытындылау мақсатында оқушылар танымдық-викториналық сұрақтарды шешіп, «Республика күні» деректі фильмі көрсетілді.



➤ Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінде № 92 М. Ганди атындағы мамандандырылған лицей оқушыларына «Ұлы жібек жолы бойындағы қалалар» атты музейлік сабақ өткізілді.

Оқушыларға халықаралық ұлы жібек жолының, сауда жолының тарихы б.з.б.3-2 м.Шығыс Түркістаннан Иран, Мысыр, Қытай мен Сирияға лазурит пен нефрит тасудан басталғаны, жібек матасы сауданың басты түрі болғаны, жібек алтынмен бірге халықаралық валюта міндетін атқарылғаны туралы толық ақпарат берілді.

Қазақстан жерінде жібек жолы бойындағы халықаралық сауданың IX-XIII ғ.ғ. Испиджаб, Отырар, Тараз, Баласағұн қалалары ірі сауда орталықтары болып көркейгені жайлы және сол қалалардан археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған экспозициялық залда экскурсия жүргізілді.

Сабақты жібек жолы туралы деректі фильммен және сұрақ жауап айдарымен қорытындылады.





2025 ж 3 желтоқсанда ҚР ҰО музейінде **«Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрі: Қазақ Ұлттық музыкалық аспаптары»** тақырыбында, қаламыздың N 92 М.Ганди атындағы мамандандырылған лицей оқушыларына арналған музейлік сабақ өтті.

Ұлттық музыкалық аспаптарымыздың ұлт мәдениетінде алатын орнының маңызы, шығу тарихы туралы мәліметтер берілді.

Сабақ соңында оқушылар арасындағы өнерлі балалар өз өнерлерін көрсетті. Музейдегі музыкалық аспап жәдігерлерімізді тамашалап, ұлттық мәдениетіміздің тамырының тереңде жатқан тарихынан құнды ақпараттар алды.



➤ **«ҰРПАҚТАР ДИАЛОГЫ» интернет жобасы**


Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейі мен «Шыңға өрлеу» қоғамдық қоры бірлесіп **«ҰРПАҚТАР ДИАЛОГЫ»** интернет жобасын өткізді.

Жобада өткен және болашақ, дәстүрлер мен жаңа идеялар, ересектердің даналығы мен жастардың энергиясы тоғысқан бірегей кеңістік ашылды. Киіз үйдегі шаңырақ біртұтас берік құрылымға біріктіргендей, аталмыш жоба да ұрпақтарды біріктіріп, қоғамға сабақтастық күшін сыйлады.

Жоба Алматы қаласы Жетісу ауданының «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубының тәрбиеленушілері мен тәлімгерлері арасында ұйымдастырылды. Аталмыш

бағдарламада ересектер мен жас ұрпақтың тәжірбиелері, дүниетанымы, құндылықтары мен өмір сүру салты туралы көзқарастарымен бөлісті.

Жалпы теориялық білімге арналған сұрақтар, тарих, география, логикалық және ұлттық тәрбие, салт-дәстүрлер туралы қызықты сайыстарға қатысып, білімдерін шыңдады.



➤ 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне орай, Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейі мен «Шыңға өрлеу» қоғамдық қорының бірлескен «ҰРПАҚТАР ДИАЛОГЫ» интернет жобасының аясындағы «Тәуелсіздік – жас ұрпақ, саған аманат!» тақырыбында екінші түсірілімі ұйымдастырылды.

Жобаның негізгі мақсаты: өткен және болашақ, дәстүрлер мен жаңа идеялар, ересектердің даналығы мен жастардың энергиясы тоғысқан бірегей кеңістікті ашу. Тәуелсіздік алу жолындағы күрестің куәгерлері, сол заманның жастары, бүгінгі ата-әж, үлкен аға буын өкілдері мен еліміздің болашағы, тәуелсіздіктің аманатын арқалаушы жас буынның арасында байланыс орнату.

Жоба Алматы қаласы Әуезов ауданының «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубының тәрбиеленушілері мен тәлімгерлері арасында ұйымдастырылды. Аталмыш бағдарламада ересектер мен жас ұрпақтың тәжірбиелері, дүниетанымы, құндылықтары мен өмір сүру салты туралы көзқарастарымен бөлісті. Жалпы теориялық білімде арналған сұрақтар, тарих, география, логикалық және ұлттық тәрбие, салт-дәстүрлер туралы қызықты сайыстарға қатысып, білімдерін шыңдады. Киіз үйдегі шаңырақ біртұтас берік құрылымға біріктіргендей, аталмыш жоба да ұрпақтарды біріктіріп, қоғамға сабақтастық күшін сыйлады.



Мәдени-танымдық іс шаралар

➤ Алғыс айту күніне арналған мәдени-танымдық іс-шара

2025 жылдың 28 ақпанында ҚР ҰО музейінде 1 наурыз-Қазақстандағы **Алғыс айту күніне** арналған мәдени-танымдық іс-шара өтті. ҚРМО музейі директорының орынбасары А.В. Куценко құттықтау сөз сөйлеп, ҚР Мәдениет және ақпарат министірлігі жоспарлап отырған іс-шаралардың маңыздылығына тоқталды.

Іс-шарада Алматы корей ұлттық орталығының офицерлер клубының төрағасы Г.И. Шегай қазақ пен кәріс халықтарының достығы жайлы айтса, «Возрождение» немістердің Алматы мәдени-этникалық қоғамының төрайымы Е.С.Попова және «Worvarts» неміс жастар клубының төрайымы Г. Коптелова «Неміс халқының Қазақстандағы тарихы» тақырыбында слайд-презентация жасады және «Этникалық немістердің шығармашылығы мен мәдениеті» тақырыбындағы көрмемен таныстырды. Концерттік бағдарламада Алматы корей ұлттық орталығының «Бидангиль» халықтық қоры «Арыс жағасында», «Қазақстан» әндерін орындаса, Республикалық медицина колледжінің студенті М. Тірібосынның орындауында «Атамекен» әні шырқалды. № 68 мектеп-гимназиясының, № 203 орта мектебінің оқушылары Т.Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясының студенттері және қаламыздағы лингвистикалық колледж студенттері қатысты.




➤ 15 наурыз – Қайырымдылық күні.

Наурыз мейрамының «Наурызнама» онкүндігі аясында 15 наурыз Мейірімділік күні болып жарияланды. Бұл күні Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің Музей педагогикасы бөлімінің мамандары «Мейірімділік–жүректен!» қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Айтулы акция ҚР Білім және Ғылым министірлігінің «Облыстық арнаулы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығының» тәрбиеленушілеріне арналды. Музейлік педагогика бөлімінің жетекшісі З.С. Баянова, ЖШС «Айс Мастер – Айс Крим Компаниясы» бақылау-аудит бөлімінің басшысы Александр Авраменко, ОАӘҚО мекемесінің тәрбиешісі Х.АУалиева балаларды Наурыз мерекесімен құттықтады. Өз сөздерінде «Наурыз – мейірімділік, махаббат мейрамы, Наурыз-ұлттық құндылықтарды, ұлтаралық достықты, отбасылық сыйластықты дәріптейтін мереке»- деп атап өтті. Шара аясында педагогика бөлімінің мамандары «Қазақ кілемінің ою-өрнегі», «Ұлыдала қызғалдақтары» тақырыбында шеберлік сабақтар өткізді. «Көктем симфониясы» кескіндемелері бойынша шеберлік сабақты ҚР суретшілір Одағының басқарма мүшесі, ҚР Өнер академиясының мүшесі, суретші Мақсат Қантамбаев жүргізді.

Шарада «Балапан» баспасы, ЖШС «Айсмастер Крим» және «Жетісу күші» қоғамдық қоры демеушілік көмек көрсетті. «Балапан» баспасы 50 жинақтан тұратын түрлі пазлдар, лото-ойындарын, «Кішкентайлар әліппесі», «Жыл мезгілдері», «Кімнің баласы?» кітапшаларымен, үстел және оқу ойындарының жинақтарын балаларға сыйға тартты. ЖШС «Айс Мастер – АйсКрим Компаниясы» түрлі сүт өнімдері және балмұздақпен қамтамасыз етті. «Мейірімділік – жүректен!» акциясын

қолдап,балаларға көңіл бөліп,қамқорлық танытып, тамаша сыйлықтар сыйлағандары үшін демеушілерге алғыс айтамыз.



➤ «Кітап әлемінде»

2025 жылы 23 сәуірде ҚР Мемлекеттік орталық музейінде Қазақстандағы Ұлттық кітап күніне орай «Кітап әлемінде» мәдени-танымдық іс-шарасы өтті. Іс-шарада балалар жазушылары Лена Баянова мен Алина Олжас ерекше көңіл-күй сыйлады.

«Шыңға өрлеу» қоғамдық қорының тәрбиеленушілері алғашқы жазу белгілерінен бастап электронды форматтарға дейінгі кітаптардың дамуы туралы әңгімелерді тыңдап, сүйікті шығармаларымен бөлісті, қонақтардың кәзіргі балалар не оқиды, сүйікті кітаптары, кейіпкерлері, жанрлары және т.б.сұрақтарына жауап берді. Лена Баянова «Ұршық иіріліп жатқанда»авторлық кітабынан «Үш батыр және олардың әкесі Күмбел» ертегісін оқып берді.Жазушы Алина Олжас балаларға сыйлық ретінде өзінің«МИД және Нина. Қар Барыстарының қызыққа толы өмірі» кітабын тарту етті. Мұндай кездесулер балалардың оқуға деген сүйіспеншілігін және әдебиетке деген қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған болатын.



➤ Қазақ халқының дәстүрлері

2025 жылы 28 сәуірде Қазақстан халқының бірлігі күніне және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Қазақ халқының дәстүрлері» атты мәдени-танымдық іс-шарасы өтті.

Оқушыларға «ШАБНАМ» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрайымы, тележүргізуші,әнші,өнер қайраткері, продюсер «Аламәт» продюсерлік орталығының директоры Розиева Калбинуруйғыр халқының салт-дәстүрлері туралы айтып берді, Мұрат Хамраев атындағы № 150 жалпы білім беретін мектептің

оқушылары дәстүр туралы сахналық қойылым көрсетіп, «Асаль» ансамблі ұйғыр халқының биін орындады.

Әуезов ауданының «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубының (Нұр-Ай би тобы) тәрбиеленушілері «Шашу» дәстүрін көрсетіп және «Көктем» биін орындады. Неміс халқының тарихы мен ұлттық костюмі туралы Алматы «Возрождение» немістер мәдени-этникалық қоғамының төрайымы Попова Е.С. және «Worvarts» неміс жастары клубының төрайымы Галина Коптелова айтып берді. Алматы қаласы әзірбайжандар қауымдастығы жанындағы Әзірбайжан әйелдері кеңесінің өкілдері Искандерова Эльнара, Қазымова Нобат және шәкірті Шевченко Николь «қялағайы» әйелдерге арналған ұлттық бас киім туралы айтып, дәстүрін көрсетті, ал Мирмехди Бакинецтің орындауында «Алматы» әні шырқалды.

Іс-шара Розиева Кальбинур шабыттандырып орындаған «Атамекен» патриоттық әнімен аяқталды. Бұл ән әрқашан отансүйгіштік пен Отанымыз Қазақстанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге ықпал етеді.

Іс-шараға «Шыңға өрлеу» қоғамдық қорының тәрбиеленушілері, «Рақым» әлеуметтік үйі қоғамдық қорының, №68 лингвистикалық мектеп-гимназиясының және Б. Момышұлы атындағы №131 мектеп-гимназиясының оқушылары шақырылды.

➤ «Менің өмірімдегі спорт»

26 мамырда ҚР Ұлттық орталық музейінде Балаларды қорғау күніне орай "Менің өмірімдегі спорт" танымдық іс-шарасы өтті. "Романтик" туристік клубының атқарушы директоры О.П.Лавренова шақырылған шараға Ш.Уәлиханов атындағы жекеменшік мектебінің оқушылары қатысты. Қонағымыз қызықты туристік жорықтар, таулар мен суда аман қалу жолдары туралы айтып, өзімен бірге кемпингке алып жүретін заттарын көрсетті. Балалар туризм жайында спорт емес, ептілік, батылдық, төзімділік, табиғатқа деген сүйіспеншілік және өмірге деген оң көзқарасты талап ететін өмір салты екенін білді. Кездесу жылы атмосферада өтті және жасқатысушыларды туризммен айналысуға шабыттандырды.



➤ Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейі мен «Шыңға өрлеу» қоғамдық қоры бірлесіп 2025 жылдың 13 тамызы күні халқымыздың ұлы ақыны, ағартушы, философ, композитор, қоғам қайраткері Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абайдың өшпейтін нұры» мәдени-танымдық іс-шарасын өткізді.

Іс-шара мақсаты – Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау, жас ұрпақты рухани-мәдени тәрбиеге, жастарды ұлттық руханиятқа баулу, ақынның өнегелі өмірі мен ой-толғамдарын көпшілікке кеңінен насихаттау.

Шарада Абай Құнанбаевқа арналған бейнеролик көрсетілді. Балаларға викториналық сұрақ-жауап ойыны өткізілді, балалар көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауап алды. Шараға қатысушылар Абайдың өлеңдерін жатқа оқып,

«Көзімнің қарасы» әнін караокемен шырқады. Шара соңында балалар «Зерек зияткерлер», «Тапқырлар», «Дарындылар», «Әнші бұлбұлдар», «Ұйымшылдар», «Белсенділер» номинацияларымен марапатталды.



➤ Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінде Қазақстан Конституциясы күніне арналған танымдық музейлік сабақ өтті. Сабақ интерактивті форматта, слайд-презентациялар, көрнекі материалдар мен ойын элементтері арқылы ұйымдастырылды.

Сабақтың теориялық бөлімінде балалар Қазақстан Конституциясының қабылдану тарихымен, оның еліміздегі басты заң ретіндегі маңыздылығымен танысты. Сонымен қатар, олар азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы түсініктерді игеріп, мемлекеттік рәміздер туралы мағлұмат алды.



➤ 2025 жылдың 5 қыркүйегінде Қазақстан халқының тілдері күніне орай Қазақстан Республикасы Орталық музейі мен «Батыр бабалар» мемориалды музейі бірлесіп, «Ахмет Байтұрсынұлы және Қазақстан халықтарының тілдік қазынасы» тақырыбында танымдық музейлік іс-шара ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты — Қазақстанда өмір сүретін халықтардың тілдік байлығы туралы түсінік қалыптастыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін дәріптеу, басқа этностардың тіліне құрметпен қарауға тәрбиелеу және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының тіл мәдениетіне қосқан өлшеусіз үлесін насихаттау. Атаулы шара аясында «Музейдегі із» көшпелі көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде А. Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына, отбасы мен қызмет жолына қатысты сирек кездесетін тарихи құжаттар мен мұрағаттық материалдар қойылды. Сонымен қатар, ұлт ұстазының жеке кешеніндегі фотосуреттері, «Маса», «Ана тілі» сынды басылымдары және бірқатар ғылыми еңбектері көпшілік назарына ұсынылды. Шараға Алматы облысы, Қарасай ауданы, Райымбек ауылдық округінен Ушинский атындағы орта мектеп пен К. Әзірбаев атындағы орта мектептің оқушылары мен ұстаздары қатысты. Іс-шара барысында А. Байтұрсынұлының шығармашылығына шолу жасалып, слайдтар мен мультимедиялық карта арқылы Қазақстанда тұратын түрлі этностардың тілдері жөнінде құнды мәліметтер берілді. Сонымен қатар, оқушыларды қызықты әрі пайдалы ақпаратпен қамтыған «Тілдер әлемі» атты интерактивті ойыны ұйымдастырылды. Мазмұнды әрі мағыналы өткен шара оқушыларға тілдің құндылығын ұғындырып, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілікті арттырғаны анық.



➤ Қала күніне орай Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде «Алматы – бақша қаласы» атты мәдени-танымдық іс-шара ұйымдастырылды. Шараға Әуезов ауданындағы мектеп оқушылары мен «Умай» өнер мектебінің


шәкірттері қатысты. Іс-шара аясында Ботаника және фитоинтродукция институтының Жанғалиев атындағы жемісті өсімдіктерді жерсіндіру және тектік қорын қорғау зертханасының ғылыми қызметкері Санқайбаева Анар Ғабдысалимқызы слайдтар арқылы дәріс оқып, оқушыларды жабайы жеміс ағаштарының экожүйедегі және өңір тарихындағы маңызымен таныстырды. Мерекелік шараға барлығы 70 бала қатысты. Негізгі тақырып — Алматының табиғи сұлулығы мен жасыл мұрасын қаланың мәдени бірегейлігінің маңызды бөлігі ретінде дәріптеу. Іс-шараның мақсаты — балалардың туған өлкеге деген қызығушылығын арттыру, экологиялық сананы қалыптастыру және шығармашылық арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілікті дамыту. Шара аясында «Умай» өнер мектебінің оқушылары музей алдында Алматы қаласының көрікті жерлерін бейнелеген суреттер салып, тақырыптық «Тілек ағашын» безендірді. Сондай-ақ балалар арнайы фотозонада суретке түсіп, қатысушыларға алғыс хаттар табысталды. Іс-шара балалардың табиғатқа, қоршаған ортаға және туған қаласына деген сүйіспеншілігін арттыруға зор үлес қосқаны анық.



➤ Ал Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абай мұрасына саяхат» атты мәдени- танымдық іс-шарасы Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университетінің «Филология» институтының студенттеріне өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты — студенттерді ұлы ақынның өмір жолымен, шығармашылық мұрасымен және қазақ руханиятындағы қайталанбас орнымен таныстыру. Шара Ұлы Абай Құнанбайұлының көрмесімен танысудан басталды. Филология ғылымының докторы, профессор Руда Зайкенова студенттерге Абай мұрасы бойынша баяндама жасап, студенттер өз слайдтарын көрсетті. Сонымен қатар, Абай шығармалары бойынша талдау жасады.




➤ Халықаралық студенттер күніне орай Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейде Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино және ТВ» факультетінің және Алматы гуманитарлы-экономикалық университетінің студенттеріне «ВРЕМЯ ПАТРИОТОВ» фильмінің көрсетілімі және аталмыш киноның продюсері Ақбар Кұрманбаев, режиссері Серікбол Өтепбергенов және Дастен Шакиров, Санұржан Сүлеймен сынды актерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – студенттерді бай тарихымызды, салт-дәстүрімізді, мәдени мұрамызды құрметтеуге шақыру және Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Фильмнің көрсетілімінен кейін студенттер продюсер, режиссер, актерлермен сұқбат жүргізіп, кино бойынша түрлі сұрақтарына жауап алды. Шара соңында студенттер қонақтарға алғыстарын білдірді және актерлердің қолтаңбаларын алып, естелікке фотоға түсті.






➤ 2025 жылдың 12 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің Коворкинг-орталығында «КМФ-Демеу» Корпоративтік қорының қолдауымен Ұлттық валюта күніне орай мектеп оқушыларына арналған қаржылық сауаттылық бойынша тренинг өтті. Махатма Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейінің оқушылары үшін өткізілген «FinBoss» тренингін «КМФ-Демеу» Қорының бас бизнес-тренері Алия Шарипова жүргізді. Сабақ барысында қатысушылар ақша тарихымен, қаржылық әдеттер мен тұлғалар ұғымымен танысып, табыс пен шығын көздерін талдап, қаржылық мақсаттарды қалай дұрыс қою және оларға жету жолдарын үйренді. Тренинг ойын түрінде өтті, интерактив элементтері қолданылды. Сабаққа белсенді қатысқан оқушылар «финбоссик» номиналындағы купондар жинап, оларды арнайы ұйымдастырылған «FinMarket» кеңсе дүкенінде қалаған заттарына айырбастай алды. Сабақ соңында балалар өз әсерлерімен бөлісіп, тренингтен күнделікті өмірде қажет болатын, ақшаны дұрыс басқаруға және алаяқтардан қорғануға көмектесетін пайдалы ақпарат алғандарын атап өтті.



2025 жылдың 26 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейі мен «Батыр бабалар мемориалды» музейінің бірлескен «Түркілердің дәстүрлі қару-жарақ жүйесі: даму тарихы, құрылымы, этномәдени қызметі» халықаралық дөңгелек үстелі өтті. Дөңгелек үстелдің мақсаты: түркі халықтарының дәстүрлі қару-жарақтары мен батырлық институтының сабақтастығын, даму тарихын, этномәдени орнын зерделеу болды. Дөңгелек үстелде қару-жарақ саласында көптеген жылдар

бойы ізденіп, іргелі еңбектер жазып жүрген қазақстандық қарутанушы Қалиолла Ахметжан, Өзбекстан тарихы мемлекеттік музейінің Ташкент музейі филиалының бөлім меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Джамшид Перемкулов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Кадиркулова Гүлім Қағазбековна және басқа да бірқатар зерттеушілер баяндамаларын жасап, тақырып аясындағы өзекті мәселелер жөнінде сөз қозғады.



«FinBoss» қаржылық сауаттылық бойынша тренинг

2025 жылдың 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің Коворкинг-орталығында Корпоративтік «КМФ-Демеу» қорының қолдауымен мектеп оқушыларына арналған қаржылық сауаттылық бойынша тренинг өтті. Сабақты қордың бас бизнес-тренері Алия Шарипова жүргізді. Қатысушылар – Махатма Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейдің 6-сынып оқушылары. Тренинг барысында оқушылар қаржы сауаттылығының негізгі ұғымдарымен танысты: ақшаның пайда болу тарихы, табыс пен шығын түрлері, қаржылық әдеттер және қаржылық мақсаттарды қалай дұрыс қою және оларға жету жолдары туралы білді. Қатысушылардың ерекше қызығушылығын ойын элементтерімен безендірілген практикалық бөлім тудырды. Белсенділік танытқан оқушылар «финбосс» деп аталатын шартты бірліктерді жинап, оларды импровизацияланған «FinMarket» оқу дүкенінде кеңсе тауарларына айырбастай алды. Тренинг жылы әрі достық атмосферада өтті. Қатысушылар алған білімдерінің

өмірде пайдалы болатынын және сабақтың форматы күрделі тақырыптарды жеңіл әрі қызықты түрде түсінуге көмектескенін атап өтті.



➤ Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінде Отбасы күніне арналған қайырымдылық шарасы өтті – «ОТБАСЫ – БАҚЫТ ҰЯСЫ». Іс-шараның басты мақсаты – отбасылық және тарихи құндылықтарды дәріптеу, көпбалалы отбасыларға рухани қолдау көрсету. Салтанатты ашылуында: «Мейірім» қайырымдылық қорының Президенті, имам Нұржан Арыстанбекұлы. Продюсер, тележүргізуші, әнші Калбинур Аруп жылы лебіздерін білдірді. Балалар мен ата-аналарға арналған сурет салу шеберлік сабағы,викториналық ойындар, әсерлі концерттік бағдарлама, барлығы қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады! Шараға қолдау көрсеткен демеушілер: «Мейірім» қоры, «Алатау-құс», «Lemonadoff Food», «Devi чай» (ARLIANA SAUDA), «Бостан», «Jan Ajem». Осындай игі бастамалар қоғамдағы отбасы институтын нығайтып, көпбалалы отбасыларға деген құрмет пен қамқорлықты арттыра түседі.





➤ Халықаралық мүмкіндігі шектеулі жандар күніне орай «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық мәдени іс-шарасын өткізді. Шара барысында ерекше жандардың құрметіне «Жүректен жүрекке» атты концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, қолдау көрсеткен демеушілерден сый-сияпат табысталды. Іс-шараны ҚР Ұлттық орталық музейі директорының орынбасары Арайлы Бақытқызы салтанатты түрде ашып, музей ұжымы осындай игі бастамаларды алдағы уақытта да жалғастырып, қоғамның әрбір мүшесіне тең мүмкіндік беруге бағытталған жобаларды қолдайтындығын, демеушілерге деген зор ризашылығын жеткізді. Ұлттық орталық музей ұжымының атынан демеушілерге алғыс хаттар табысталды. Сөз алған «Аламәт» продюсерлік орталығының директоры, «ШАБНАМ» Ұйғыр креативті әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы, тележүргізуші, әнші, өнер қайраткері, продюсер Кальбинур Аруп Розиева, Алматы қаласы Жигит беши одағының Алатау ауданы бойынша Бас жігіт басы Абдурашит Маметов игі шараға келушілер мен игілікті іске атсалысқан барша көпшілікті құттықтап, жүректен шыққан әрбір жылы сөз, әрбір игі іс міндетті түрде басқа жүрекке жететіндігін айтты.

«Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық және мәдени іс-шарасы – мейірім мен қамқорлықтың, адами құндылықтардың, тең мүмкіндіктер идеясының көрінісі болды.



VIII. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысын ұйымдастыру бағыты бойынша.

2025 жылы Кәсіпорынның бизнес-үдерістеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мен нығайту шараларының жеткіліксіз пысықталуына байланысты бірқатар әлеуетті тәуекелдердің болуын анықтады. Атап айтқанда, күнделікті қызмет барысында адалдық және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік принциптерін жүйелі енгізбеген жағдайда мүше алдындағы міндеттерді орындауда сыбайлас жемқорлық қаупі төнуі мүмкін.

Ең осал бағыттар мыналар болып табылады:

- ☐ Халықаралық және республикалық деңгейдегі көрмелерді ұйымдастыру және өткізу;
- ☐ Халыққа ақылы қызмет көрсету (билет сату, сувенир өнімі, экскурсия қызметтері);
- ☐ Кәсіпорынның өндірген тауарларын жасау және өткізу;
- ☐ Мемлекеттік сатып алулар шеңберінде мердігер және жеткізуші ұйымдармен ынтымақтастық.

Аталған процестерде мүдделер қақтығысы, билік өкілетін асыра пайдалану, формальділіксіз лоббизм, ашықтық пен есептілік үдерістерін бұзу мүмкіндігі туындауы ықтимал, әсіресе тиісті бақылау және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениеті болмаған жағдайда. Кәсіпорынның қызметі, көрсететін қызметтері мен сататын тауарлары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 15 қыркүйектегі № 254 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мәдени ұйымдардың көрсететін ақылы қызметтері тізіміне» сай жүзеге асырылады. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру мен беделдік және операциялық тәуекелдерді басқарудың профилактикалық шараларын қабылдамау коррупциогенді жағдайлардың пайда болуына және жұртшылық пен серіктестер сенімінің төмендеуіне ықпал етуі мүмкін.

2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау комиссиясының ұсыныстары:

- ☐ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға арналған ішкі бағдарлама әзірлеп, енгізу (тренингтер, ескертпелер акцияларына қатысу және т.б.);
- ☐ Этика және сыбайлас жемқорлық нормаларын сақтау жауапты тұлғаны тағайындау;
- ☐ Ішкі тәуекелдерді бағалау және бизнес-үдерістерді бақылау процедураларын, әсіресе қоғамдық іс-шаралар мен сатып алуларда, жүйелі түрде қайта қарап, жаңарту;
- ☐ Серіктестер мен мердігерлерді таңдау кезінде қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету.

Талдау кезеңінде мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті тұлғалармен теңестірілген қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау, толық немесе уақтылы қабылдамау фактілері анықталған жоқ.

IX. Бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу бағыты бойынша

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының, сондай-ақ Музей Жарғысының ережелеріне сәйкес, бюджет және қаржы қаражатын қалыптастыру, бекіту, игеру және пайдалануына бақылау жасау мәселелері Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Бюджеттік қызмет бекітілген қаржы жоспарына қатаң сәйкестікте, жоспарлау, бөлу және есептілік рәсімдерін міндетті түрде сақтау арқылы жүзеге асырылады. Бюджетті орындаудың барлық кезеңдері – өтінім беруден бастап қорытынды есептілікке дейін – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетінің тұрақты бақылауында болады. Бұл ретте Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен тығыз өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

Аталған мемлекеттік органдар қаржы-бюджеттік тәртіптің тиісінше орындалуын, шығыстардың уақтылығы мен негізділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қаржылық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған бақылау, үйлестіру және әдістемелік қолдау жұмыстарын жүзеге асырады. Сонымен қатар, мемлекеттік ресурстарды пайдалануда заңдылық, ашықтық және тиімділік қағидаттарының сақталуы қамтамасыз етіледі.

Қаражатты игеру бойынша барлық іс-әрекеттер тиісті мемлекеттік органдарға міндетті есептілікпен қатар жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік интернет-порталдарда, соның ішінде «Ашық бюджет» порталы мен мемлекеттік сатып алу порталында ақпарат жарияланып отырады. Бұл тәсіл бюджет қаражатын басқаруда ашықтық пен есептілік принциптерін нығайтуға және қоғам тарапынан сенімді арттыруға ықпал етеді.

1) «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі» РМҚК

кәсіпорнының 2025 жылға арналған даму жоспарының нақты

көрсеткіштерінің салыстырмалы кестесі

№	Құрылымдық элемент	Жоба 2025 жылы	Нақты 2025 жылы	Түзетулерді негіздеу
Қосымша 4				
1	Өткізілген көрмелер саны	27	27	
Қосымша 6				
1	Активтер	465034000 теңге	465034000 теңге	
2	Пассивтер	465034000 теңге	465034000 теңге	
3	Кірістер	1812626500 теңге	1812626500 теңге	
4	Шығындар	1777615500 теңге	177761650000 теңге	
5	Штат бойынша жұмысшылар саны	244	244	
6	Еңбекақы төлеу қоры	1145726000 теңге	1145726000 теңге	
Қосымша 7				
1	Сатудан түскен кірістер	178276000 теңге	178276000 теңге	
2	Мемлекеттік субсидиялардан түсетін кірістер	1604487500 теңге	1604487500 теңге	
Қосымша 8				
1	Әкімшілік шығыстар	198503000 теңге	198503000 теңге	
Қосымша 16				
1	Республикалық бюджеттен субсидиялар	1604487500 теңге	1604487500 теңге	
2	Орташа тізімдік саны	227	227	
3	Негізгі өндіріспен айналысатын қызметкерлер	220	220	

4	Штат бойынша әкімшілік персонал	24	24	
5	Негізгі өндірісте жұмыс істейтін қызметкерлерге ақы төлеу	983695000 теңге	98365000 теңге	
6	Әкімшілік персоналдың еңбегіне ақы төлеу	161761000 теңге	161761000 теңге	
7	Ұйым бойынша еңбекақы қоры	1145726000 теңге	1145726000 теңге	
8	Ұйым бойынша орташа айлық жалақы	391300 теңге	391300 теңге	
Қосымша 17				
1	Республикалық бюджеттен субсидиялар	1604487500 теңге	1604487500 теңге	
2	Өз қаражаты есебінен кірістер	178276000 теңге	178276000 теңге	
Қосымша 20				
1	Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	6983965000 теңге	983965000 теңге	
2	Әлеуметтік салық	53486000 теңге	53486000 теңге	
3	Әлеуметтік аударымдар	43803000 теңге	43803000 теңге	
4	«Жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары»	28594000 теңге	28594000 теңге	
5	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар	34311000 теңге	34311000 теңге	
6	Жанар-жағармай материалдары	1350000 теңге	1350000 теңге	
7	Электр энергиясы	18534000 теңге	18534000 теңге	
8	Іссапар шығындары	6161000 теңге	6161000 теңге	
9	Негізгі құралдарды сатып алу	60239000 теңге	60239000 теңге	
10	Басқа шығындар	239362500 теңге	239362500 теңге	
Қосымша 23				
1	Үстеме шығыстарда көрсетілген еңбекақыны есептемегенде әкімшілік персоналдың еңбегіне ақы төлеу	161761000 теңге	161761000 теңге	
2	Әлеуметтік салық	8275000 теңге	8275000 теңге	
3	Әлеуметтік аударымдар	7663000 теңге	7663000 теңге	
4	Жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары	28594000	28594000	
5	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар	28594000 т	28594000	
6	Шикізат және материалдар	16131000	16131000	
7	Коммуналдық шығындар	800000 теңге	800000 теңге	
8	Байланыс қызметі	130000 теңге	130000 теңге	
9	Электр энергиясы	2110000 теңге	2110000 теңге	
10	Жылыту	3936000 теңге	3936000 теңге	

11	Ғимаратты күтіп ұстау және қызмет көрсету	790000 теңге	790000 теңге	
12	Мүлік салығы	150000 теңге	150000 теңге	
13	Жер салығы	180000 теңге	180000 теңге	
14	Көлік салығы	60000 теңге	60000 теңге	
15	Қоршаған ортаға шығарылатын заттар	10000 теңге	10000 теңге	
16	Амортизация оның ішінде:	10320000 теңге	10320000 теңге	
	<i>материалдық емес активтер</i>	0	0	
	<i>негізгі құралдар</i>	10320000 теңге	10320000 теңге	
17	Іссапар шығындары	6161000 теңге	6161000 теңге	
18	Басқа шығындар	760000 теңге	760000 теңге	

2025 жылғы бюджет 1604487,5 мың теңге, оның ішінде шығындар 10% шығындарды өтеу субсидиясының көлемі бойынша өз қаражат есебінен 178276,0 мың теңгені құрайды.

2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау кезеңінде Кәсіпорында бюджеттік және қаржылық қаражаттардың маңызды сомаларына қатысты аудит, ревизия және басқа да қаржылық бақылау шараларының жүргізілген **фактілері анықталған жоқ.**

Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңын, атап айтқанда бюджеттік және қаржылық қаражаттардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, Кәсіпорын есепті кезеңде gosreestr.kz порталына бюджеттік және **қаржылық қаражаттардың жұмсалуды туралы ақпаратты орналастыруда.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау кезеңінде сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің саны мен көлемінің нақты қажеттілікке (табиғи нормаларға) сәйкес еместігі, бірлік тауар бағасының негізсіз болуы, жоспарланған құнның нарықтық құнға сәйкес келмеуі, техникалық сипаттамаларда бәсекеге қабілетті жеткізушіге қатысты сипаттамалардың болуы (аталмыш «заточкалар»), мемлекеттік аудит органдарының камералдық бақылауы нәтижесінде сатып алулардың қайта қаралуы немесе жойылуы сияқты фактілер анықталмады.

2) Салықтар мен өзге де төлемдерді жинау бағыты бойынша.

Кәсіпорынның салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді жинауға байланысты әкімшілік рәсімдері Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Кодексінің нормаларымен реттеледі.

2025 жылғы 20 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген және нақты өндірілген салықтардың үлесі нөлге тең.

Мемлекеттік сатып алулар жоспары бойынша есептілік goszakup.gov.kz порталында орналастырылады, ал бюджеттік және қаржылық қаражатты жұмсау бойынша есептілік, сондай-ақ мемлекеттік мүлік туралы ақпарат gosreestr.kz порталында жарияланады. Аталған порталдар мен ондағы ақпарат барлық азаматтарға қолжетімді.

3) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша.

Жеке және заңды тұлғалармен жасалатын шарттарда Тапсырыс беруші ретінде Кәсіпорын Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына және Кәсіпорынның бекітілген жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес әрекет етеді.

Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алулары Қазақстан Республикасының нормаларына сәйкес жүргізіледі. 2025 жылғы 01 қаңтардан бастап толық жаңартылған Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы (2024 жылғы 1 шілдеде №106-VIII-ЗРК қабылданған) күшіне енді және оған сәйкес бұйрықтармен толықтырылды.

Тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу электрондық форматта мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылады, бұл әлеуетті жеткізушілермен тікелей байланысты толығымен жоққа шығарады.

Шарттарды тек цифрлық форматта жасасуға көшу рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етті және сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы нақты әрі ашық ақпаратты, сондай-ақ олардың орташа нарықтық бағасына талдау жасау мүмкіндігін порталға орналастыруға жол ашты.

Электрондық шарттарды енгізу сатып алу рәсімдерін оңайлатуға бағытталған өзге де шаралармен қатар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің азаюына және мемлекеттік сатып алу жүйесіне деген сенімнің артуына ықпал етті.

Мемлекеттік сатып алу шарттарын талдау нәтижелері бойынша (сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне баға беру аясында жүргізілген) сыбайлас жемқорлық белгілеріне жатқызылатын қандай да бір құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Талдау барысында мынадай фактілер анықталған жоқ:

- ☐ ұқсас немесе неғұрлым тиімді шарттары бар балама ұсыныстар бола тұра, бір жеткізушімен бірнеше рет шарт жасасу;
- ☐ сатып алуға өзара байланысты (аффилирленген) ұйымдардың қатысуы;
- ☐ қарсы тараптардың өздерінің негізгі қызметінен тыс, бейіндік емес жұмыстарды орындауы;
- ☐ шарт талаптары бұзылған жағдайда айыппұл санкцияларын қолданбау немесе оларды негізсіз жеңілдету;
- ☐ шарттарды орындау кезеңінде олардың талаптарына дәлелсіз түзетулер енгізу;
- ☐ шарттық міндеттемелердің бұзылуы кезінде қарсы тараптарға талап қою жұмыстарының уақтылы жолданбауы;
- ☐ заңды негізсіз қарсы тараптарға талап қоюдан немесе сот процесінен бас тарту.

Осылайша, тексерілген кезеңде мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар екендігін айғақтайтын жүйелі ауытқулар белгілері анықталған жоқ.

Х. 2025 жылғы Кәсіпорынның талап-арыздық және соттық жұмысының жағдайын талдау келесідей нәтижелер көрсетті:

Талдау нәтижелері бойынша: в т.ч.н сотқа 3 талап арыз жолданды, оның ішінде 1-і қанағаттандырылды, 1-і қаралмай қалдырылды (оның бірі – жұмыс орындалғаны және айыппұл төленгендігіне байланысты), 3 іс тоқтатылды (бірі – Мемлекеттік сатып алу тәртібімен қарауға жатпайтындығы себепті, екіншісі мен үшіншісі – татуласу келісімінің жасалуына байланысты), 6 талап арыз қанағаттандырылмады (келісім шарттың шарттары кешігіп орындалғаны және айыппұлдың төленгендігі, сондай-ақ істі тоқтату туралы сотқа арыз берілгендігі себепті).

Азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша ақпаратты

№ п/п	Соттың бірінші инстанцияның атауы	Даудың тақырыбы	Кім ретінде: талапкер, жауапкер, үшінші тұлға	Екінші Тараптың атауы және дауда кім ретінде әрекет етеді: талапкер, жауапкер, үшінші тұлға	Нәтижесі, істі бірінші сатыдағы сотта қарау күні (талап қою талаптары қай бөлігінде қанағаттандырылғанын көрсету) Бірінші сатыдағы сот актісінің күні мен нөмірі	Апелляциялық сатыдағы соттың атауы, қарау күні мен нәтижесі (қажет болған жағдайда толтырылады) Апелляциялық сатыдағы сот актісінің күні мен нөмірі	Кассациялық сатыдағы соттың атауы, қарау күні мен нәтижесі (қажет болған жағдайда толтырылады) Кассациялық инстинкт сот актісінің күні мен нөмірі	Соттың түпкілікті шешімі (заңды күшіне енген) шешім күні және заңды күшіне енген күні	Орындаушы	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
Азаматтық істер										
1	Алматы қ. МАЭС	(ҚР АІЖК 24-бабының 1-бөлігі) Жауапкерді /өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушыларға тану туралы Азаматтық іс. (тауарды жеткізген жоқ).	Талапкер	Жауапкер: ЖК, директор Ержан Нагима. БСН/ЖСН:0512016 02139.	Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы-қанағаттандыруылудан бас тартсын. 28.07.2025ж №7527-25-00-2/8831	Жоқ	Жоқ	Иә	А. Алтыбаев +7 775 794 7362	20.06.2025г
2	Алматы қ. МАЭС	(ҚР АІЖК 24-бабының 1-бөлігі) Жауапкерді /өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушыларға тану туралы Азаматтық іс. (тауарды жеткізген жоқ). Сот талқылауына дайындық барысында сотталушымен бітімгершілік келісім жасасу	Талапкер	Жауапкер: ИП «Технолайт» директор Нургалиев Асхат Сакенович. БСН/ЖСН 830320300101	Жауапкердің жағдайды түзету жөніндегі іс-қимылын назарға ала отырып, сот медиация тараптарының арасында	Жоқ	Жоқ	Иә	А. Алтыбаев +7 775 794 7362	20.06.2025г

[illegible]

XI. Қауіпсіздік бөлімі

Музейдің Қауіпсіздік бөлімі – ғимаратты күзету, өткізу және ішкі объектілік режимді сақтау, сондай-ақ лаңкестікке қарсы және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын іске асыруды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше болып табылады. Бөлімнің қызметі Музейдің ішкі нормативтік актілерімен, басшылықтың бұйрықтарымен және мемлекеттік органдармен келісілген қағидалармен реттеледі.

2025 жылы объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар кешенді шаралар іске асырылды:

- Алматы қаласы ПД-мен келісілген «Терроризмге қарсы қорғалуы бойынша төлқұжат» жаңартылып, бекітуде;

- ҚР МОМ АТЦ және УССО қызметкерлерімен бірлесіп теориялық сабақтар өткізілді;

- 2025 жылғы Алматы қаласы бойынша УССО-мен жаңа күзет қызметтеріне шарт жасалды;

- Тәулік бойы күзет қамтамасыз етілуде: 1 күзет бақылау пункті жұмыс істейді, 3 полиция қызметкер кіріседі;

- Музейде барлығы **65** бейнебақылау камерасы орнатылған.

- 2026 жылға рентген-телевизиялық қондырғы (РТҚ) сатып алу бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды;

- бақылау пункте бақылау және қол жеткізуді басқару жүйесі (СКУД) жұмыс істейді, музейде барлығы ____ кіріп-шығу есігі бар, олардың барлығы «антипаника» жүйесімен, дабыл түймелерімен және ашу датчиктерімен жабдықталған;

- Өрт қауіпсіздігі жүйелері орнатылған: өрт гидранттары, автоматты спринкерлік жүйе, өрт сөндіргіштер, авариялық жарықтандыру, орталықтандырылған хабарландыру жүйесі;

- Терроризмге қарсы қорғаныс, күзет және іс-шараларды ұйымдастыру бағытында сыртқы құрылымдармен тұрақты өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша: 2025 жылы құқықбұзушылықтар мен оқиғалар тіркелген жоқ. Алдын алу шарасы ретінде ұсынылды:

- Мемлекеттік сатып алу конкурстық комиссиясының құрамына комплаенс-офицерді енгізу;

- Музей құрылымында комплаенс-офицердің штаттық бірлігін енгізу.

Объектінің санаты – 2 (террористік тұрғыдан осал, халық жаппай шоғырланатын нысан). Қауіпсіздікті ҚР ІІМ УССО қолданыстағы заңнамаға сәйкес қамтамасыз етеді.

XII. Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдер.

Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының (2025 жылғы 13 наурызда күшіне енген жаңа редакциясы) 16-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, ақпарат иелері өздерінің ресми интернет-ресурстарында конкурстар мен тендерлер туралы мынадай ақпаратты орналастыруға міндетті:

- ☐ ашық конкурстық сауда-саттықтар, сараптамалар және өзге де іс-шаралар туралы мәліметтер, олардың мақсаттары мен өткізу шарттарының сипаттамасын қоса алғанда;

- ☐ жеке және заңды тұлғалардың қатысу тәртібі мен шарттары;

- ☐ конкурстық құжаттаманың жобалары мен тендерлік тапсырмалар, сондай-ақ шарттардың талаптары;

☐ алдын ала талқылау хаттамалары мен өткізілген ашық сауда-саттықтардың қорытынды хаттамалары;

☐ жеңімпаздарды таңдаудың негіздемесімен бірге қорытынды хаттамалар;

☐ аффилирленген қатысушылар мен байланысты заңды тұлғалар туралы мәліметтер;

☐ шарттарды орындау барысында енгізілген өзгерістер туралы ақпарат.

Бұл талаптар сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 07 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген «Ашық деректер интернет-порталында ақпарат орналастыру қағидаларында» да көзделген.

Сонымен қатар, жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес, Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында аталған ақпарат толық көлемде немесе оны орналастыру мерзімдерінің сақталмауымен жарияланады.

XII. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бағыты бойынша

Жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-құқықтық процестік кодексінің (2020 жылғы 29 маусым, № 350-VI) талаптарына сәйкес қаралады. Кодекс өтініштерді қарау тәртібі мен мерзімдерін реттейді, қабылданған шешімдерге ашықтық, заңдық және негізділік принциптерін қамтамасыз етеді.

Іс жүргізу бөлімі (канцелярия) құжат айналымын ұйымдастырады және келесі қызметтерді атқарады:

☐ кіріс және шығыс корреспонденцияны қабылдау, тіркеу және жүйелеу;

☐ құжаттарды уақытында орындауды бақылау;

☐ түскен құжаттарды жетекшілікке және жауапты құрылымдық бөлімшелерге резолюцияға беру;

☐ резолюциялар мен тапсырмалардың орындалуын бақылау;

☐ құжат айналымына қатысты шараларды мониторинг жүргізу;

☐ тағайындалған мерзімде шығыс құжаттарды адресаттарға жіберуді ұйымдастыру;

☐ корреспонденцияны арнайы тапсырым арқылы және пошта қызметтері арқылы жеткізу.

☐ Шығыс құжаттар аптасына үш рет — дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері бекітілген кестеге сәйкес жіберіледі.

Алматы қаласындағы орталық поштамаға ресми хаттар мен хабарламаларды уақтылы жеткізу мақсатында аптасына екі рет шығып отырады.

2025 жылы РМҚК «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейі» іс жүргізу бөлімі (канцелярия) заңнама, ішкі регламенттер мен құжат айналым стандарттарына сай жеткілікті ұйымдастырушылық жұмыс жүргізді.

Есепті кезеңде тіркелгендер:

Кіріс құжаттар: 612 бірлік — мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, жеке және заңды тұлғалардан түскен корреспонденция және ішкі қызметтік хаттар.

Шығыс құжаттар: 688 бірлік — орындалған тапсырмалар, сауалдар және контрагенттермен ақпарат алмасу нәтижесінде жолданды.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері: 26 бірлік — Әкімшілік рәсімдік-құқықтық процестік кодекс талаптарына сай белгіленген мерзімде қаралды.

Барлық өтініштер, хаттар мен құжаттар уақтылы тіркеу, беру және орындау шарттарына сәйкес өңделді. Орындау деңгейі 100% құрады, бұл бөлім қызметкерлерінің тәртіптілігі, ұйымшылдығы және жауапкершілігін көрсетеді.

Құжаттардың қозғалысын үздіксіз бақылауды қамтамасыз еткен бөлім оперативті түрде орындауға беру, мерзімдерді қадағалау, басшылықтың қаулыларының орындалуын мониторингтеу, сондай-ақ шығыс корреспонденцияны тиісті түрде рәсімдеу жұмыстарын жүргізді.

Азаматтардың өтініштерімен жұмыс ұйымдастырылуы бойынша жүргізілген талдау барысында ҚР Ұлттық музейіне келушілердің қолжетімділігі мен ыңғайлылығын арттыру мақсатында бірнеше тиімді қабылдау арналары қарастырылғаны анықталды.

Музей ғимаратының қоғамдық пайдалану аймақтарында келушілердің тікелей өтініш білдіруі үшін арнайы жазбаша өтініштер салу жәшігі орнатылған. Бұл жәшіктен алынған корреспонденция тұрақты түрде, аптасына кемінде бір рет өңделіп, келіп түскен өтініштерге уақытылы жауап берілуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, азаматтардың сапалы мемлекеттік қызмет алуға құқығын кеңейту және өтініштерді тапсыру рәсімін жеңілдету мақсатында музейде заманауи цифрлық сервистер — Doculite және E-otinish енгізілген.

Аталған платформалар келушілер мен мүдделі тұлғаларға кез келген уақытта үйден шықпай-ақ электрондық форматта өтініш жіберуге мүмкіндік береді.

Бұл сервистерді пайдалану сұраныстарды өңдеу уақытын айтарлықтай қысқартып, мекеме мен азаматтар арасындағы коммуникацияның ашықтығын арттырады.

Осылайша, өтініштермен жұмыс ұйымдастыруға кешенді тәсіл — дәстүрлі әдістерден бастап заманауи электрондық платформаларға дейін — Музейдің қоғам және келушілермен өзара әрекеттесу деңгейінің ашықтығы, қолжетімділігі және тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Жүргізілген талдау нәтижесінде ҚР Мемлекеттік орталық музейінде құжат айналымы және құжаттаманы басқару тәртібін реттейтін бекітілген ішкі нормативтік актілер тиімді жұмыс істейтіні анықталды. Атап айтқанда, мекемеде «Құжаттаманы жүргізу және басқару ережелері және электрондық құжат айналымын қолдану» әрекет етеді, ол Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес жаңартылған.

Бұл ережелер 2023 жылғы 25 тамыздағы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің № 236 бұйрығымен «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттаманы жүргізу, басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін қолдану ережелерін бекіту туралы» жаңартылған.

Жаңартылған редакция құжат айналымының қазіргі заманғы стандарттары мен үздік тәжірибелерін көрсетеді, сондай-ақ автоматтандырылған электрондық жүйелерді қолдануды қарастырады, бұл мекемедегі құжаттармен жұмыс тиімділігін, ашықтығын және сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

Аталған ережелерді жүзеге асыру құжаттаманы өңдеу, сақтау және бақылауға біртұтас тәсілді қамтамасыз етеді, бұл әкімшілік тәртіптің ажырамас бөлігі болып табылады және ұйымды сапалы басқару мен оған жүктелген міндеттерді орындаудың негізін құрайды.

Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету бағыты бойынша

2025 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесінде Мемлекеттік ортық музей өз қызметінің ашықтығын заңнамалық талаптарға сәйкес қамтамасыз ететіні анықталды.

1. Мекеменің мемлекеттік сатып алу жоспарлары ресми электрондық мемлекеттік сатып алу порталы goszakur.gov.kz сайтында орналастырылады, бұл Қазақстан

Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңына сәйкес келеді және мүдделі барлық тараптар үшін ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

2. Ақпараттың қолжетімділігін арттыру және Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңы мен 2021 жылғы 02 сәуірдегі № 114/НҚ «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпараттық қамтамасыз ету ережелерін бекіту және олардың мазмұнына қойылатын талаптар туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығын сақтау мақсатында музейдің ресми сайтында мемлекеттік сатып алу жоспарлары мен олардың есептілігін орналастыру ұсынылады. Бұл азаматтардың мекеменің қызметі туралы ақпаратқа кеңірек қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

3. Шешім қабылдау өкілеттіктерін шектеу, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Музей қоғамдық мүдде тұратын мәселелер бойынша, мысалы, бюджеттік қаражаттарды бөлу, жылжымайтын мүлікті, жер учаскелерін басқару, нысандарды пайдалануға қабылдау және басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдау өкілеттігімен қамтамасыз етілмеген. Бұл функциялар Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған құзыретіне сәйкес тиісті мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару өкілетті органдарына жүктелген.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдармен қорытындылар:

2025 жылғы ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесінде жүйелі бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық көріністеріне дәлел болатын фактілер анықталмаған. Дегенмен, талдау қорытындысы бойынша потенциалды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған нақты ұсыныстар берілді. Оларға мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне бақылауды күшейту, комплаенс-офицер институтын енгізу және мекеменің ресми сайтында ақпараттың толық мөлдірлігін қамтамасыз ету кіреді. Ұсынылған шараларды жүзеге асыру Мемлекеттік орталық музейінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін одан әрі нығайтуға, ашықтық пен адалдық қағидаларын сақтауға септігін тигізеді:

1. Ішкі талдау барысында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған шаралар қабылдау;

2. Мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарттардың дұрыстығын бақылауды күшейту, бөлімшелердің қажеттіліктерін нақты нормалар мен нақты жүктемеге негізделген талдау арқылы сатып алуды жоспарлауды жетілдіру, артық тауарлар мен қызметтерді сатып алу тәуекелін азайту;

3. Көрмелерді ұйымдастыру кезінде заңнамалық талаптарды сақтау — келісімшарттарды рәсімдеу, авторлық құқықтарды қорғау, экспонаттардың қауіпсіздігі мен қаржыландырудың ашықтығын қамтамасыз ету;

4. Мүдделер қақтығысын мониторингтеу және реттеу функцияларын атқаратын тұлғаны (Омбудсменді) тағайындау;

5. Биылғы жылы мекеме штат құрылымына сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін немесе комплаенс-офицер лауазымын енгізу бойынша өзгерістер енгізу;

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығына сәйкес «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттамамен жұмыс істеу, құжаттарды басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану ережелерін бекіту» талаптарына сай келтіру;

7. Мекеменің ресми сайтында мемлекеттік сатып алу жоспарын және оның есептілігін орналастыру, сатып алу жарияланбас бұрын техникалық сипаттамалар мен баға негіздемесін көпсатылы ішкі тексеру рәсімін енгізу, «жартылай бәсекелестік» және бағаның жоғарылауы белгілерін болдырмау;

8. Мемлекеттік билік органдарын тарту арқылы эвакуация, терроризмге қарсы және өрт қауіпсіздігі бойынша жаттығулар ұйымдастыру;

9. Жұмыс тобы ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша ұсыныстардың орындалуын бақылап, есептік ақпаратты Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне ұсыну.

Мемлекеттік орталық музейдің кешені сақтау мен насихаттауды білім беру және цифрлық технологиялардағы инновациялармен үйлестіріп барлық келушілер қолайлы және қолжетімді орта құру қажет.

Сонымен қатар, ашықтық пен тиімді басқаруды қамтамасыз ете отырып, қоғам мен серіктестерді тартып, мемлекеттік орталық музейдің тұрақты өсуі мен ықпалы кеңейту маңызды.

Балаева А.Б. Директордың музей менеджменті және маркетинг жөніндегі орынбасары

Қолы

Жұмыс тобының мүшелері:

Досжан Т. Экспозиция сақтауды қамтамасыз ету бөлімнің жетекшісі

Қолы

Алтыбаев А.Б. Ғимаратты пайдалану және қызмет көрсету бөлімінің біліктілігі жоғары төтенше жағдайлары бойынша маманы

Қолы

Рыскулов Қ.О. Заңгер

Қолы

Жұмыс тобының хатшысы:

Ерталеева А.М. Ғимаратты пайдалану және қызмет көрсету бөлімінің қауіпсіздік техникасы сақтау жөніндегі және еңбекті қорғау бойынша маманы

Қолы